Сибанбаева Бағдат Акрамовна	«Әлихан Бөкейхан оқулары»	Республикалық
Оспанова Асия Баяхметовна	«Әлихан Бөкейхан оқулары»	Республикалық
Каппасева Балжан Айтбаевна, Жуманова Назгуль Кайриценовна	«ХП Ахметов оқулары. Замануи білім беру үдерісі: тәжірибелер, мәселелер, перспективалар»	Облыстық

Эксперименттік алаңдарға қатысу

2022–2023 оқу жылында 2 педагог (2%) болса, 2024–2025 оқу жылында 48-ге (58%) жеткен, барлығы – 71 педагог (85%). Бұл ұжымның жаңашыл практикаларды енгізуге және сынақтан өткізуге дайын екенін көрсетеді.

Іс-шара атауы	Мерзімі	Тәжірибе алмасқан педагогтер
«Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру - қазіргі жағдайда оқыту мен тәрбиелеу сапасын қамтамасыз етудің маңызды ресурсы»	23.10.2024	22 мұғалім

Іс-шара атауы	Мерзімі	Тәжірибе алмасқан педагогтер
«Мұғалімнің кәсіби дамуы-білім мазмұнын жаңарту негізі»	13.10.2024	8 мұғалім

Іс-шара атауы	Мерзімі	Тәжірибе алмасқан педагогтер
«Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру - қазіргі жағдайда оқыту мен тәрбиелеу сапасын қамтамасыз етудің маңызды ресурсы»	06.01.2025	10 мұғалім

Іс-шара атауы	Мерзімі	Тәжірибе алмасқан педагогтер
---------------	---------	------------------------------

«Оқу-тәрбие процесінде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асырудың тәжірибесі мен тиімді практикасы»	27.03.2025	16 мұғалім
--	------------	------------

Іс-шара атауы	Мерзімі	Тәжірибе алмасқан педагогтер
«Баршаға қолжетімді сапалы білім» ұлттық баяндамасын іске асыру мақсатында республикалық әдістемелік орталықтардың базасында құрылған жобалық кеңселердің әдіскерлеріне арналған тағылымдамада мектептің әдістемелік жұмысын тарату	30.04.2025	9 мұғалім

Семинарлар мен форумдарда тәжірибе тарату

2022-2023 оқу жылында 20 (24%) қатысудан 65-ке (78%) дейін, барлығы – 117 қатысу (141%).

Ғылыми және ғылыми-әдістемелік еңбектер ТІЗІМІ

№	Мұғалім аты жөні	Мақала атауы	Журнал баспа атауы
1	Омарова Айнаш Капбасовна	«Мұғалімнің кәсіби қызметіндегі жасанды интеллект: оқу үдерісінде қолданудың ықтимал мүмкіндіктері»	«Білім беруді дамытудың жаңа векторы: стратегиялар мен перспективалар» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция мақалалар жинағы
2	Омарова Айнаш Капбасовна	«Әліхан Бөкейхан және қазіргі педагогика: тарихи сабақтастық және әдістемелік ізденіс»	«Дәстүрлі Әліхан Бөкейхан оқулары» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция мақалалар жинағы
3	Бахатхан Ақмарал	Цифрлық білім және Алаш мұрасы: Әліхан Бөкейхан идеяларының жаңа заманмен үндестігі	«Дәстүрлі Әліхан Бөкейхан оқулары» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция мақалалар жинағы
4	Бахатхан Ақмарал	3 D модельдеу	Педагогикалық шеберлік
5	Шарипова Мадина Глековна	Сабақты зерттеу: менің мектебімнің тәжірибесі	«Сабақты зерттеу: Қазақстандық мектептердің тәжірибесі» облыстық ғылыми-практикалық конференциясы материалдарының жинағы
6	Саметова Зарина Төлегеновна	Сабақты зерттеу: менің мектебімнің тәжірибесі	«Сабақты зерттеу: Қазақстандық мектептердің тәжірибесі» облыстық ғылыми-практикалық конференциясы материалдарының жинағы

7	Абдрахманаова Меруерт Магметолловна	Сабақты зерттеу: менің мектебімнің тәжірибесі	«Сабақты зерттеу: Қазақстандық мектептердің тәжірибесі» облыстық ғылыми-практикалық конференциясы материалдарының жинағы
8	Ахметжанова Аиғмұлы Санжовна	«Математика сабағында оқыту технологиясын пайдалану»	«Жаңа ұрпақ» республикалық ғылыми-педагогикалық журналы
9	Ахметжанова Аиғмұлы Санжовна	«Математика сабағында электрондық оқыту құралдарын қолдану»	Дидактика республикалық журналы «Қазіргі заманғы педагогикалық зерттеулердің өзекті мәселелері»
10	Ахметжанова Аиғмұлы Санжовна	Математика сабақтарына инновациялық технологияларды қолдану арқылы оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту»	Республикалық ғылыми-педагогикалық журналы «Математика сабақтарында оқыту технологиясын пайдалану»
11	Оралханқызы Әсел	Әлихан Бөкейхан және математикалық білімнің дамуына қосқан үлесі	«Дәстүрлі Әлихан Бөкейхан оқулары» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция мақалалар жинағы
12	Алипова Сауле Каировна	«Приемы формирования оптимального чтения на уроках русского языка в начальной школе (с нерусским языком обучения)»	«Педагогикалық альманах», ғылыми-әдістемелік журналы «Өрлеу «БАҰО», Павлодар қ.
13	Жакупова Рауза Тукевовна	«О развитии смыслового чтения у детей ОПШ на уроках русского языка в национальной школе»	«Педагогикалық альманах», ғылыми-әдістемелік журналы «Өрлеу «БАҰО», Павлодар қ.
14	Жусупова Бағлан Калиаскаровна	«Приемы формирования оптимального чтения на уроках русского языка в начальной школе (с нерусским языком обучения)»	«Педагогикалық альманах», ғылыми-әдістемелік журналы «Өрлеу «БАҰО», Павлодар қ.
15	Казымбетова Айман Камбетовна	«Звучи, домбра!» Глагол как часть речи	«Педагогикалық альманах», ғылыми-әдістемелік журналы «Өрлеу «БАҰО», Павлодар қ.
16	Канапьянова Роза Жаскайратовна	«О развитии смыслового чтения у детей ОПШ на уроках русского языка в национальной школе»	«Педагогикалық альманах», ғылыми-әдістемелік журналы «Өрлеу «БАҰО», Павлодар қ.
17	Канапьянова Роза Жаскайратовна	«Спецификация суммативного оценивания за 4 четверть по предмету «Русский язык и литература» (7 класс, с казахским языком обучения)	«Орыс тілі мен әдебиеті» республикалық педагогикалық ғылыми-әдістемелік журналы
18	Касимова Карлыгаш Файзулловна	«Задания по итоговой аттестации по русскому языку и литературе»	«Орыс тілі мен әдебиеті» республикалық педагогикалық ғылыми-әдістемелік журналы
19	Малғождарова Айгүл Тлеугабыловна	«Математиканы оқыту үдерісінде инновацияны қолданудың маңызы»	«Қазақстан ұстазы» №4 (136) сәуір 2024 ж. Республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журналы
20	Шакубаева Мирангүл Курметовна	«Three Voices in One Era: A Study of Styles and Artistic Translation of the Works of Emily, Charlotte, and Anne Brontë»	«Жеке тұлғаның және қоғамның шығармашылық әлеуетін дамыту» атты шет тілдері ХІІ ғылыми-тәжірибелік конференциясы, Б.Ахметов атындағы жоғары педагогикалық колледжі, ақпан, 2025

21	Шакубаева Мирангуль Курметовна	«Lesson Study: A Collaborative Approach to Professional Development in Education»	«Сабақты зерттеу (Lesson Study): Қазақстан мектептерінің тәжірибесі» облыстық ғылыми-практикалық конференция, ПШО, қараша 2024
22	Шакубаева Мирангуль Курметовна	«Developing critical thinking in the English language classroom: modern approaches and practical application»	«XVI Торайғыров оқулары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы, Павлодар, 2024ж
23	Шакубаева Мирангуль Курметовна	«Ағылшын тілін орта мектепте оқыту үдерісінде көрнекілік принципін ролі»	«Қазақстан ұстазы» республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журнал, Алматы, ақпан, 2023ж
24	Сибанбаева Бағдат Акрамовна	Б. Майлин. «Шұғаның белгісі»	«Тағылым» республикалық ғылыми-әдістемелік журналы, 1-бөлім №2(133)
25	Сибанбаева Бағдат Акрамовна	«Ұлттық саваны ұлттық құндылықтар арқылы қалыптастыру»	«Үздік мұғалім методикасы» республикалық ғылыми-танымдық, педагогикалық журналы №161, ақпан 2025 жыл
26	Шакпиев Серик Кошербасевич	«Қазақстан тарихы пәнін оқытудағы заманауи әдістерді қолдану»	«Үздік педагог» республикалық ғылым – әдістемелік журналы. №02 (37) (2025 ж., ақпан)
27	Ханафия Мадина	«ҰБТ: Болашаққа бастар жол картасы»	«Кемелдегі ұстаз KZ» республикалық ғылыми-әдістемелік журналы
28	Шакпиева Алмагуль Бахытбековна	Мектепке дейінгі және бастауыш жалпы білім берудің сабақтастығы	Мектепке дейінгі және мектептегі білім берудің сабақтастығы: тәжірибе шеберханасы жинағы
29	Шакпиева Алмагуль Бахытбековна	«Бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын дамыту бағытталған тиімді әдіс – тәсілдер»	«Білім берудегі жана тенденциялар: ХХІ ғасырдағы дағдылар» атты облыстық ғылыми-практикалық конференция жинағы
30	Шакпиева Алмагуль Бахытбековна	«Бастауыш сынып оқушыларының жылдам оқуға арналған жаттығулар арқылы қызығушылығын арттыру»	“XIV Торайғыров оқулары” атты Халықаралық ғылыми тәжірибелік конференция материалдар жинағы
31	Шакпиева Алмагуль Бахытбековна	«Оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру үшін мәтінмен жұмыс жасау жолдарының тиімділігі»	«Білім айнасы» Республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журнал.
32	Шакпиева Алмагуль Бахытбековна	«Мекпалды даярлық және бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу тілі мен ақыл-ой дамытудың сабақтастығы»	Мектепке дейінгі және мектептегі білім беру сабақтастығы: тәжірибе шеберханасы жинағы
33	Шакпиева Алмагуль Бахытбековна	«Бастауыш сынып оқушыларының жылдам оқу дағдылары мен оқу сауаттылығын қалыптастыру»	«Ауыл мектебінің қазіргі жағдайы: ізденістер, мәселелері мен шешу жолдары» Халықаралық ғылыми – практикалық конференция жинағы

34	Азымбаева Асия Джамбулатовна	«Білім берудегі жаңа инновациялық әдіс-тәсілдердің тиімділігі»	“ Торайғыров оқулары” атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференциясының жинағы. 2022 ж.
35	Азымбаева Асия Джамбулатовна	«Математика сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру»	«Білім айнасы» газетінің қосымшасы. Казан, 2022 ж. №10 (1002-журнал)
36	Азымбаева Асия Джамбулатовна	«Бастауыш сынып пен балабақша арасындағы сабақтастық»	Сборник I республиканского Форума педагогов дошкольного, среднего и специального образования; Павлодар, 07.12.2022 года. – Издательство: Инновационный центр развития образования Павлодарской области.
37	Азымбаева Асия Джамбулатовна	«Бала тәрбиесі мен өзін-өзі бағалаудағы отбасының ролі»	«Білім айнасы» газетінің қосымшасы мамыр 2024 ж. №05 (318-журнал)
38	Азымбаева Асия Джамбулатовна	«Инклюзивті балаларды қалыпта ортаға бейімдеудің жолдары»	«Инклюзивті білім беру кеңістігін құрудың қағидаттары мен шарттары» атты III Халықаралық ғылыми- практикалық конференция материалдарының жинағы.07.12.2024 ж.
39	Азымбаева Асия Джамбулатовна	«Отбасы мен мектеп ынтымақтастығы жағдайында балаларды тәрбиелеудің қағидалары»	XX халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференция жинағы «Ә. Марғұлан атындағы Павлодар Педагогикалық университеті 2025 ж.
40	Қыдырбаева Айгуль Зекішовна	«Бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын дамыту – заман талабы»	Педагогикалық альмана №2 2025 ж. Өрлеу біліктілікті арттыру ұлттық орталығы
41	Қыдырбаева Айгуль Зекішовна	«LESSON STADI бірлескен педагогикалық тәсіл»	«Сабақты зерттеу Қазақстан мектептерінің тәжірибесі» облыстық конференция жинағы «Педагогикалық шеберлік орталығының филиалы 2024 ж., қарапа.
42	Жуманбаева Меруерт Капиоллаевна	«Lesson study бірлескен педагогикалық тәсіл»	«Сабақты зерттеу: Қазақстан мектептерінің тәжірибесі» облыстық ғылыми- конференциясы. Практикалық конференциясы жинағы. Павлодар қаласы, «Педагогикалық шеберлік орталығының» филиалы.
43	Қусманова Бакыт Кумаровна	«Бастауыш сыныптарда көркем жазуға үйретудің мақсат, міндеттері, принциптері»	«Педагогикалық алыман» журналы
44	Жумабаева Жаркынай Жасталаповна	«Инклюзивті білім берудің принциптері»	“Білім айнасы” республикалық газет

45	Судейменова Гүлпия Мейрамовна	«Экскурсия сабағы оқушылардың танымдық қызығушылықтарын арттыру құралы ретінде»	«Бастауыш республикалық әдістемелік және педагогикалық журнал	мектеп» ғылыми-педагогикалық
46	Кусманова Бакыт Кумаровна	«Бастауыш сыныптарда көркем жазуға үйретудің мақсат, міндеттері, принциптері»	«Педагогикалық журналы	алымнах»
47	Сағымбаева Бакыт Бейсенғалиқызы	Бастауыш сынып мұғалімінің қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды пайдаланудағы тиімділігі.	«KEMENGER» бөспасы, «UZDIK PEDAGOG» республикалық педагогикалық ғылыми-әдістемелік журналы	
48	Сағымбаева Бакыт Бейсенғалиқызы	Бастауыш сыныптарда логикалық ойлауды жетілдіру арқылы математика пәніне қызығушылықты арттыру	«BILIM AINASY» бөспасы. «BILIM AINASY» республикалық ғылыми-танымдық газеті	
49	Жусупова Ляйля Бажевна	Басқару және педагогикалық тәжірибе: көшбасшы ретінде өзінің ікемді дағдыларды қалай дамытуға болады	«Қазақстан мектебі» республикалық педагогикалық ғылыми-әдістемелік журналы №1 (1188) 2025 жыл, 48 бетті, ISSN-3409	
50	Оспанова Асия Баяхметовна	«Тың игеру жылдарындағы Қазақстан»	«USTAZ республикалық ғылыми-әдістемелік журналы.	ENDEGE»
51	Оспанова Асия Баяхметовна	«Ортағасырлық саяхатшылар Қазақстанды қалай сипаттады?»	«QAZAQ республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журналы	BILIM»
52	Шабжанова Динара Капиаскаровна	“Недіктен мен және менің мектебім өзгеру керек?”	«Білім айнасы» газетінің қосымшасы. Қазан, 2022 ж. №10 (1002-журнал)	
53	Шабжанова Динара Капиаскаровна	«Инклюзивті білім беруді ғылыми-педагогикалық қамтамасыз ету»	«Инклюзивті білім беру кеңістігін құрудың жағдаяттары мен шарттары» атты III Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы. 07.12.2024 ж.	
54	Жомартова Камал Сатыбалдиновна	Бастауыш мектеп оқушыларының жобалық іс-әрекетін ұйымдастыру олардың танымдық қабілеттерін дамытудың факторы ретінде	Республикалық «Білім айнасы» газеті, 23.10.2022 ж. www.bilimainasy.kz сайты	
55	Жомартова Камал Сатыбалдиновна	Бастауыш сынып оқушыларының жобалық іс-әрекетін ұйымдастыру арқылы функционалдық сауаттылықтарын дамыту	«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы, «Педагогическое мастерство» (сборник материалов конкурса), 2023 ж.	
56	Жомартова Камал Сатыбалдиновна	Бастауыш мектепте цифрлық білім беру технологияларын қолдану тәжірибесі	«Бастауыш мектеп» республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журнал, №4 2024 ж. санында жарияланды	
57	Жомартова Камал Сатыбалдиновна	Инклюзивті білім беруде нәтижеге қол жеткізу	Ө. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті өткізген III	

			Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары жинағы, 2025 ж.
58	Тықпасова Меруерт Жамбуловна	«Бала тәрбиесі отбасынан басталады»	“Білім айнасы” республикалық ғылыми-танымдық газеті
59	Мағжанова Айгуль Оразовна	Шетел тілі мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін ақпараттық технология арқылы дамыту	«Қазақстан ұстазы» республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журнал, Алматы, ақпан, 2023 ж.
60	Мағжанова Айгуль Оразовна	Lesson Study: Does It Work for Personal Development of ELT Teachers?	«Сабақты зерттеу (Lesson Study): Қазақстан мектептерінің тәжірибесі» облыстық ғылыми-практикалық конференция, ПШО, қараша, 2024 ж.
61	Мағжанова Айгуль Оразовна	"Заманауи ағылшын тілі сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын қалыптастыру"	«Тағылым» республикалық ғылыми-әдістемелік журналы, Астана, желтоқсан, 2024 ж.
62	Мағжанова Айгуль Оразовна	Ағылшын тілін оқытуда жасанды интеллектті қолдану әдістері	«Педагогикалық Алыманах» кәсіби журналы, Павлодар, ақпан, 2025 ж.
63	Қапшаева Балжан Айтбаевна	М.Әуезов шығармаларындағы ұлттық тәрбие	«Академик Мұхтар Әуезов ғылым мен мәдениетте» атты республикалық онлайн ғылыми-практикалық конференция (Павлодар облысы Білім беруді дамытудың инновациялық орталығы КММ, Павлодар, қыркүйек, 2022 ж.)
64	Қапшаева Балжан Айтбаевна	Сабақ жоспары: Flags of the world	«Педагогикалық Алыманах» кәсіби журналы, Павлодар, қараша, 2022 ж.
65	Қапшаева Балжан Айтбаевна	Сабақ жоспары: Parks around the world	«Білім әлемі» баспасөз басылымы, Алматы, қараша, 2022 ж.
66	Қапшаева Балжан Айтбаевна	Сабақты зерттеу – кәсіби дамудың жарқын жолы	«Сабақты зерттеу: қазақстандық мектептердің тәжірибесі» атты облыстық ғылыми-практикалық конференция, Павлодар, желтоқсан, 2022 ж.
67	Қапшаева Балжан Айтбаевна	Ағылшын тілі сабағында АКТ қолдану	«Білім әлемі» республикалық педагогикалық ғылыми-әдістемелік журнал, Алматы, ақпан, 2023 ж.
68	Қапшаева Балжан Айтбаевна	Сабақты зерттеу – кәсіби даму жолы	«Х Ахметов оқулары. Замануи білім беру үдерісі тәжірибелер, мәселелер, перспективалар» ғылыми-тәжірибелік қашықтық конференциясы, Павлодар, сәуір, 2023 ж.
69	Қапшаева Балжан Айтбаевна	Ағылшын тілі сабағында ақпараттық технологияларды қолданудың тиімділігі	«ХV Торайғыров оқулары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы, Павлодар, қыркүйек, 2023 ж.

70	Каппаева Айтбаевна	Балжан	Lesson Study жүргізу тәжірибесі	«Сабақты зерттеу: Қазақстандық мектептердің тәжірибесі» атты облыстық ғылыми-практикалық конференция, Павлодар, желтоқсан, 2023 ж.
71	Каппаева Айтбаевна	Балжан	Әліхан Бөкейхан - аудармашы	«І Әліхан Бөкейхан оқулары» атты республикалық ғылыми-практикалық конференциясы, Павлодар, наурыз, 2024 ж.
72	Каппаева Айтбаевна	Балжан	Lesson Study тәжірибеде	«Іс-әрекеттегі және Сабақты зерттеу: білім беру ұғымдарында іске асыру тәжірибесі» тақырыбында халықаралық қатысушылардың қатысумен ғылыми-практикалық конференциясы, Петропавл, ақпан, 2025 ж.
73	Каппаева Айтбаевна	Балжан	Ағылшын тілін оқытуда ойын технологиясының ролі	«ХІІ Ахметов оқулары. Замануи білім беру үдерісі тәжірибелер, мәселелер, перспективалар» ғылыми-тәжірибелік конференциясы, Павлодар, сәуір, 2025 ж.
74	Каппаева Айтбаевна	Балжан	Әліхан Бөкейханов аудармашылық қызметі	Республикалық дәстүрлі «Әліхан Бөкейхан оқулары» атты ғылыми-практикалық конференциясы, Павлодар, сәуір, 2025 ж.
75	Жуманова Назгуль Кайриденовна		Ағылшын тілі сабағында жаңа технологияларды қолдану	«Қазақстан ұстазы» республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журнал, Алматы, ақпан, 2023 ж.
76	Жуманова Назгуль Кайриденовна		Ағылшын тілі сабағында ақпараттық технологияларды қолданудың тиімділігі	«ХV Торайғыров оқулары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы, Павлодар, қыркүйек, 2023 ж.
77	Жуманова Назгуль Кайриденовна		Lesson Study жүргізу тәжірибесі	«Сабақты зерттеу: Қазақстандық мектептердің тәжірибесі» атты облыстық ғылыми-практикалық конференция, Павлодар, желтоқсан, 2023 ж.
78	Жуманова Назгуль Кайриденовна		Әліхан Бөкейхан - аудармашы	«І Әліхан Бөкейхан оқулары» атты республикалық ғылыми-практикалық конференциясы, Павлодар, наурыз, 2024 ж.
79	Жуманова Назгуль Кайриденовна		Критериялы және дәстүрлі бағалаудың салыстырмалы сипаттамасы	«Ауылдық білім беруді тұрақты дамыту мен замануи сын-қатерлер: стратегиялар, инновациялар және ынтымақтастық» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция, Павлодар, қазан, 2024 ж.
80	Жуманова Назгуль Кайриденовна		Ағылшын тілін оқытуда ойын технологиясының ролі	«ХІІ Ахметов оқулары. Замануи білім беру үдерісі тәжірибелер,

			мәселелер, перспективалар» ғылыми-тәжірибелік конференциясы, Павлодар, сәуір, 2025 ж.
81	Жуманова Назгуль Кайриденовна	Әліхан Бөкейханның аудармашылық қызметі	Республикалық дәстүрлі «Әліхан Бөкейхан оқулары» атты ғылыми-практикалық конференциясы, Павлодар, сәуір, 2025 ж.
82	Бектасова Дәлель Рустемовна	“Үш тұғырлы тіл” бағдарламасы бойынша мектепте ағылшын тілін оқытудың маңызы мен жолдары	«Қазақстан ұстазы» республикалық ғылыми- әдістемелік педагогикалық журнал. Алматы, ақпан, 2023 ж.
83	Бектасова Дилназ Солтанбековна	«Ағылшын тілі сабағында дидактикалық ойындар арқылы коммуникативтік құзыреттілікті дамыту»	«Қазақстан ұстазы» республикалық ғылыми- әдістемелік педагогикалық журнал. Алматы, ақпан, 2023 ж.
84	Бектасова Дилназ Солтанбековна	Ағылшын тілі сабағында сын тұрғыдан ойлауға үйрету арқылы оқушылардың ауызекі тілін дамыту	«USTAZ USTANYMY» республикалық ғылыми- әдістемелік журналының №02(99) (2025 ж., ақпан)
85	Сатыбаева Гульнур Оразбаевна	Математика пәнінен «10 саны мен цифры» тақырып бойынша ашық сабақ жарияланды	«Білім айнасы» Республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журнал.

Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін еске отырып, бейіндік оқытуды іске асыру

Мектептің мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыру үшін 2024-2025 оқу жылының эксперименттік бағдарламаның тақырыбы: «Қауымдастықпен бірлесе отырып оқушының әлеуметтік белсенділігін, азаматтық ұстанымын және өмірлік дағдыларын қалыптастыру».

Бағдарламаның мақсаты – мектеп, ата-ана және жергілікті қауымдастық арасындағы серіктестік арқылы оқушылардың әлеуметтік жауапкершілігін, азаматтық көзқарасын, өмірлік дағдыларын дамыту.

Бұл эксперименттік бағдарлама мектеп, ата-ана және жергілікті қауымдастық арасындағы серіктестік негізінде оқушылардың әлеуметтік белсенділігін, азаматтық ұстанымын, өмірлік дағдыларын дамытуға бағытталған. Жоспар 2023–2026 жылдарға арналған және білім беруді жобалау, қоғамдық серіктестік, экологиялық және әлеуметтік жобалар арқылы жүзеге асырылады. 2025–2026 оқу жылындағы кезең мектеп пен қауымдастық арасындағы өзара іс-қимылды күшейтуді, білім беру жобаларына оқушыларды тартуды, бағдарламаның нәтижелерін бағалап, келесі кезеңге түзетулер енгізуді көздейді. Бағдарлама білім беру сапасын арттыруға, оқушының өмірге бейімделу қабілетін дамытуға, сонымен қатар қоғаммен бірлесе жұмыс істеу тәжірибесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

2023-2024 оқу жылының соңында мектеп жұмысын талдау нәтижелері бойынша 2024-2025 оқу жылына арналған міндеттер айқындалды.

Негізгі міндеттер:

Оқушылардың эмоционалды интеллектісін қалыптастыру;

Жаратылыстану-математикалық цикл пәндері бойынша тұрақты профильдік дайындық жүйесін құру;

Оқушылардың функционалды сауаттылығын дамытуға бағытталған тапсырмаларды және әдіс-тәсілдерді оқу үдерісіне жүйелі енгізу;

Отбасымен серіктестікті білім беру іс-шаралары арқылы нығайту;

Оқушылар мен педагогтердің ғылыми және жобалық қызметін дамыту;

Оқушылардың олимпиадалық және интеллектуалдық қозғалысқа қатысуын ынталандыру;

Педагогтердің кәсіби өсуін қамтамасыз ету және тәжірибе алмасу.

Жаңа мектептің мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыру үшін инновациялық қызмет қажет болды, сондықтан 2023-2024 оқу жылында 2023-2026 жылдарға арналған эксперименттік жұмыстың қосымша бағдарламасы құрылды.

Бұл бағдарламаның мақсаты бүгінгі күннің талаптарына сай, сапалы білім беруді қамтамасыз ететін, мұғалімдер мен оқушыларды дамытатын, сондай-ақ қоғамдастықпен байланысты нығайтатын заманауи инновациялық білім беру ортасын құру болып табылады.

Міндеттері: Білім беру сапасын арттыру және заманауи білім беру әдістемелерін белсенді пайдалану. Мұғалімдердің құзыреттілігін дамыту және оларды заманауи талаптарға бейімдеу. Оқушылардың икемді дағдыларын дамыту. Оқушылардың эмоционалды интеллектісін дамыту. Мектептің әлеуметтік капиталын нығайту. Қауымдастықпен белсенді байланыс орнату және ата-аналар мен жұртшылықты білім беру процесіне тарту.

Эксперименттік бағдарламаны құрастыруға мектеп әкімшілігі мен тәжірибелі мұғалімдер қатысты. Бағдарлама үйлестірушісі әрі ғылыми жетекшісі - филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, "STEMulation" (Стемудейшн) жобасының үйлестірушісі А.В. Алиясова.

2023-2024 оқу жылына арналған бағдарламаның негізгі бағыттары:

1. Білім беру бағдарламаларының аудиті
2. Білім беру инновацияларын әзірлеу
3. Инновациялар орталығын құру
4. Мұғалімдердің кәсіби дамуы
5. Оқушылардың "Soft skills" икемді дағдыларын дамыту

2024-2025 оқу жылына:

1. Эмоционалды интеллектті дамыту
2. Әлеуметтік капиталды құру
3. Білім беру сапасын арттыру

2025-2026 оқу жылына:

1. Мақсаттарға қол жеткізуді бағалау
2. Инновациялық тәсілді қолдау

3. Қауымдастықты дамыту
4. Үздіксіз кәсіби даму
5. Келесі кезеңге дайындық

2023-2024 оқу жылына арналған бағдарламаның жаңалығы мен нәтижелілігін растайтын бірқатар дәлелдерді келтіруге болады:

1. Оқытудың инновациялық әдістері

Бағдарлама әлемдік білім берудегі үрдістерді көрсететін және негізгі сын-кедергілерге төтеп беретін заманауи технологиялар мен білім беру практикаларын енгізуді қамтиды: білім беру бағдарламаларына аудит жүргізетін шығармашылық топтар құру; оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша авторлық бағдарламалар жасау; Практикалық-бағдарланған тапсырмалар құрастыратын шығармашылық топ құру, жаратылыстану-ғылыми бағыт пәндері бойынша интеграцияланған сабақтар құрастыру.

2. Soft skills (Софт скилс) фокусы: Дәстүрлі оқу бағдарламаларында заманауи тәсілдер болып саналатын коммуникативті дағдыларды, көшбасшылықты және эмоционалды интеллектіні дамытуға бағытталған курстар мен бағдарламаларды әзірлеу. Мектептің аға тәлімгері И. А. Исакова мектеп оқушылары мен ересектердің көшбасшылық қасиеттерін дамытуға арналған қоғамдық орталықтың Бағдарламасын іске асыру бойынша белсенді жұмыс жүргізді. Бағдарлама аясында мектеп психологтері, логопед, аға тәлімгер «Мобилографияны оқыту» тақырыбы бойынша оқушылар мен педагогтерге арналған курстар, бастауыш сынып оқушыларына арналған логоритмика сабақтарын, «Эмоционалды көңіл-күйді реттеу» тренингін, «Тайм-менеджмент» сабақтарын өткізді.

Бағдарламада айтылған оқушылардың қарым-қатынас, көшбасшылық дағдыларын дамыту оқу процесіне тиімді кіріктірілгенін көрсетеді.

3. Ата-аналарды «Аталар», «Әжелер», «Ағалар», «Әпкелер» мектеп қауымдастықтарына белсенді тарту. Бұл ата – аналар қауымдастығы мектеп өмірінде маңызды рөл атқарады және ықпалы зор: бұл білім беру процесін қолдау, әкімшілікпен өзара әрекеттесу, шешім қабылдауға қатысу, мектептің жағымды мәдениетін қалыптастыру, еріктілер қызметі, ақпарат және ресурстармен алмасу, оқушыларды ынталандыру және олардың эмоционалды жағдайын қолдау.

Ата-аналармен және жергілікті ұйымдармен берік байланыс орнату мектептің айналасында белсенді қоғамдастықтың қалыптасуына ықпал ететін өзара іс-қимылдың, ұлттық және рухани тәрбиенің бірітпей моделін жасайды.

Осылайша, ата-аналар қауымдастығы мектеп пен отбасы арасындағы маңызды байланыс болып табылады, бұл оқушылардың табысты дамуына және тұрақты білім беру ортасын құруға ықпал етеді.

Стейкхолдерлердің қажеттіліктеріне бейімделу: Бағдарлама аудит нәтижелеріне, оқушы, мұғалім және ата-аналардың қажеттіліктеріне ыңғайлы етіп жасалған.

2024-2025 оқу жылы іске асырылып жатқан бағыттар:

1-блок : Эмоционалды интеллектті дамыту (өмірді басқару, эмоцияларды реттеу)

Мақсаты: эмпатия мен сезімдерді тәрбиелеу, эмоционалды интеллект арқылы үйлесімді тұлғаны дамыту.

Бағдарламаға жауаптылар: ОТЖДО Д.С.Баильдинова және мектеп психологтері – М. Ханафия, Н.Б. Идрисова

Бұл блок білім алушылардың ортанғы буын және жоғарғы буын сыныптар арасында іске асырылуда.

Ортанғы буын сыныптарында – психологиялық өзін-өзі реттеуді енгізу музыка, сурет, дене шынықтыру сабақтары және "жаһандық құзыреттілік"курсы арқылы жүзеге асты.

1.2. Жоғары сыныптарда – сынып сағаттары арқылы.

- Психологтер психологиялық өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуға бағытталған сабақтарға, сынып сағаттарына арналған оқу материалдары мен бағдарламаларын құрастырды, әр сынып сағатындағы жағдайлар талданды.

Сабақтар оқу кестесіне кіріктірілді.

1.3. Демалыс (каникул) күндері: өзіне-өзі көмек көрсету топтарын қолдау жұмысы жүргізілуде:

- эмоциялық қиындықтарға тап болуы мүмкін оқушылар үшін топтар құрылды;

- топ қатысушылары үшін психологтермен тұрақты кездесулер, параллельдер бойынша психологиялық тренингтер өткізілді;

- дене шынықтыру сабағында йога жаттығулары, оқушыларға арналған пицца кеші, мұғалімдер үшін психологиялық фон, тағы да басқа іс-шаралар өткізілді);

- Мұғалімдер білім алушылардың эмоционалды интеллектісін дамыту бойынша семинарлар ұйымдастырып, басылымдар әзірледі.

Басқару менеджментін, оқу-тәрбие процесін сапалы ұйымдастыру үшін Әлкей Марғұлан атындағы педагогикалық университетпен және ұлттық біліктілікті арттыру Өрлеу орталығы АҚ-мен меморандумға отырып, ЖОО-ны оқу орны лабораториясы ашылды және мектептің әдістемелік жұмысын тиімді жетелеу үшін ғылыми жетекші А.В Алиясованы алдық.

ЖОО лабораториясы ғалымдарымен және Өрлеу орталығының аға оқытушыларымен, сонымен қатар ғылыми жетекшімен ақылдасып-кеңесіп өмірге 4 жоба келді:

«Бір жоба - бір мұғалім»;

“Мен жаңа идеялардың авторымын ”;

“Мен және менің педагогикалық технологиям”;

“Мақсатқа жетудің идеялары”.

Жаңа жобаларды іске асырумен қатар мектептің эксперименттік жұмысының «Әлеуметтік капиталды құру» және «Білім беру сапасын арттыру» бағыттары іске асырылуда.

"Бір мұғалім-бір ғылыми жоба" жоба аясында әр мұғалім жыл сайын конкурстарға ғылыми жоба әзірлейді және ұсынады. Ғылыми жобалар байқауы үшін таңдалған тақырыптар оның кәсіби мүдделеріне сәйкес келеді , білім беру үрдісінде өзекті мәселелерді шешеді.

Жоба педагогтер арасында зерттеу мәдениетін дамытуға бағытталған. Бұл шағын зерттеулер, талдау, эксперименттік әдістерді енгізу. Педагогтер нәтижелерді ішкі әдістемелік семинарлар мен отырыстарда және сыртқы конференцияларда таныстырады, жариялайды.

Жобаның сәтті нәтиже көрсетуі университет ғалымдарының мұғалімдерге ғылыми-әдістемелік көмек көрсетуде тиімді екенін көрсетті. Мектебіміздің екі жыл қатарынан жоғары нәтижелерге қол жеткізуіне үлкен мүмкіндік берді.

2023-2024 оқу жылынан бастап мектепте оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда авторлық бағдарламаларды әзірлеу бойынша мұғалімдердің шығармашылық тобы жұмыс істейді.

“Мен жаңа идеялардың авторымын” жобасы авторлық бағдарламаларды әзірлеу алаңына айналды. Біз мұғалімдерді идеяны қалыптастырудан бастап, оны сараптауға және оқу үдерісіне енгізуге дейінгі барлық кезеңдерде сүйемелдейміз.

Жоба аясында қаржылық сауаттылық, халықаралық зерттеулерге дайындық бойынша бағдарламалар, инклюзивті сыныптарға арналған пәндер бойынша бейімделген авторлық бағдарламалар құрылды.

Мысалы, «АҒЫЛШЫН ТІЛІ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРДЕ» (8-сыныпқа арналған).

Құрастырушы: Мағжанова Айгуль Оразовна – Павлодар қаласының «Әлихан Бөкейхан атындағы лицей - мектебі» КММ, ағылшын тілі пәні мұғалімі. 62 бет. Қазақ, ағылшын тілдерінде.

Бұл жұмыс оқушылардың ағылшын тілін өмірлік жағдайда, заманауи медиалық және мәдени кеңістікте тиімді пайдалануына негізделген.

Оқушылардың тілдік, логикалық, сыни ойлау қабілетін дамытатын өзекті тақырыптар қамтылған.

Мысалы: жаһандық құзыреттілік бойынша: Топпен бірлесе отырып, климаттық дағдарыс мәселесін шешуге арналған ұсыныстарыңызды қамтитын плакат әзірлеңіз.

Медиа сауаттылық бойынша: Жалған ақпараттың таралуын болдырмау мақсатында әлеуметтік желілерде немесе инфографика түрінде сенімді дереккөздерді ажыратуға арналған негізгі кеңестермен пост дайындаңыз.

Бұл тақырыптар оқушылардың білімін кеңейтіп, функционалдық сауаттылығын арттыруға бағытталған. Бұл - ХХІ ғасыр оқушысына қажетті маңызды дағдылардың бірі.

Бағдарлама құрылымы бірнеше блоктарға бөлініп, функционалдық сауаттылықтың барлық бағыттарын қамтиды: математикалық, жаратылыстану, қаржылық, медиа және оқу сауаттылық. Әр сабақта оқушылардың шынайы өмірмен байланысты тапсырмаларды орындауы, АКТ-ны қолдануы, пікірталастар мен топтық жұмыстар арқылы өз ойларын дәлелдеп жеткізуі қарастырылған.

Бағдарлама апробация кезеңінде пилоттық сыныптарда сынақтан өтті. Кіріспе және қорытынды диагностика, сауалнамалар мен кері байланыс нәтижелері бағдарламаның тиімділігін дәлелдеді. Оқушылардың оқу мотивациясы артып, тілдік қорлары кеңейді, нақты өмірлік жағдаяттарда ағылшын тілін қолдану дағдылары жетілді.

Тағы мысал ретінде бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын арттыру мақсатында «Оқу сауаттылығы: мәтінмен жұмыс» бастауыш мектебінің 4-сынып оқушыларына арналған авторлық бағдарлама құрылды. Авторы – Айгуль Зекшизовна Кыдырбасва.

Заман талабына сай әр оқушы мәтінмен жұмыс барысында сыни ойлау дағдысымен бірге, оқырмандық сауаттылығы дамуы қажет. Оқушы мәтінмен

жұмыс істей отырып, дүниетанымын, зерттеу біліктерімен бірге, ойлау, талдау дағдылары қалыптасады.

Авторлық бағдарлама халықаралық зерттеулер TIMSS пен PIRLS дайындық жұмыстары негізінде құрылды.

Тәрбие жұмысы бойынша «БӨКЕЙХАН NEWS» жобасы «Жас тілші» орталығы арқылы іске асырылуда. Орталық 2024 жылғы қыркүйек айынан бастап жұмыс істейді. Құрамында 15 бала, жетекшісі – Каппасева Балжан Айтбаевна, ағылшын тілі мұғалімі.

Орталық 2 бағытта жұмыс жасайды: теле-радио және газет тілшісі.

Орталық қатысушылары облыстық «Ертіс» телеарнасының мамандармен кездесті, тікелей эфирге қатысты. Халық радиосындағы тікелей эфирде болды, «Алтын сақа» инновациялық-шығармашылық орталығымен жасалған ынтымақтастық аясында кездесулер ұйымдастырылды, 2 подкастке қатысты. 9 сәуір күні 2 оқушымыз Халық радиосында өздері подкаст өткізді.

Екінші бағыт бойынша облыстық «Сарыарқа самалы» газетімен өзара ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды. Меморандум аясында кәсіби журналистермен кездесулер өткізіліп, олардан мақала жазу, тақырып таңдау бойынша ақыл-кеңестер алынды. Нәтижесінде «Сарыарқа самалы» газетінің «Айналайын» қосымшасының әр нөмірінде балалардың шығармашылығы жарық көріп, тығыз қарқынды жұмыс жүргізілуде.

«БӨКЕЙХАН NEWS» мектеп газеті тоқсанына 1 рет қағаз және электронды түрде шығады. Газеттің авторлық құқығы қорғалып, мемлекеттік тізімге енгізілуі туралы Каппасева Б.А. атына берілген куәлікпен куәландырылады.

Орталықтан күтілетін нәтижесі:

Практика – түрлі медиа жобаларға қатысу.

Кәсіби мамандық таңдауға көмектесу.

Кәсіби мамандармен кездесіп, кәсіби жағынан өсу.

Орталықтың алғашқы жетістіктері:

«Сарыарқа самалы» газетінің 95 жылдығына орай орталық жетекшісі Каппасева Б.А. «Ертіс Медиа» ЖШС-ден «Үздік жетекші» дипломына ие болды. Оқушылары Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, жазушы, ақын С.Сатыбалдиннің 75-жылдығы аясында өткізілген қалалық эссе конкурсының, Республикалық «Азаматтық таңын аңсаған Алаш арысы» атты эссе байқауы, «Б.Момышұлы оқулары», «М.Мақатаев оқулары» қалалық байқауларының жеңімпаздары мен жүлдегері атанды.

Бұл жоба педагогтерге әдістемелік көмекті сапалы беруге септігін тигізді, яғни мұғалімдердің инновациялық ортасын құру шеңберінің аясында педагогикалық тәжірибесін тарату, авторлық бағдарламаларды жазу (2023-2024 о.ж. 14 авторлық бағдарламаны 19 педагог, 2024-2025 о.ж. – 31 авторлық бағдарлама құрастырды, динамика - +17), түрлі мұғалімдерге арналған байқау-сайыстарға қатысуда «Өрлеу» орталығы аға оқытушыларымен тиімді жұмыстар жақсы іске асырылуда.

2-ші жоба - "Мен және менің педагогикалық технологиям".

Жоба мұғалімдерді сапалы әдістемелік сүйемелдеуге, педагогтер үшін әдістемелік-дидактикалық құралдарды, атап айтқанда функционалдық сауаттылықты қалыптастыру және түрлі конкурстарға қатысу бойынша тәжірибеге

бағытталған тапсырмаларды әзірлеуде инновациялық орта құруға ықпал етеді. Үш жыл ішінде мектеп мұғалімдері үш оқулықтың авторы болды, екі педагог "педагог-шебер" санатын алды, екі мұғалім "Павлодар облысының білім алуына қосқан үлесі үшін" төсбелгісін алды, бір мұғалім "Үздік психолог" Республикалық педагогикалық байқауының жеңімпазы атанды. Бұл қол жеткізілген нәтижелердің бірнешеуі ғана.

Сондай-ақ университет оқытушылары мен ғалымдарының қатысуымен алғаш рет "Әлихан Бөкейхан оқулары" атты республикалық ғылыми-практикалық конференция мен конкурс өткізілді.

4-жоба: "Мақсатқа жетудің идеялары"

Қазіргі білім беру жүйесі икемді, жанашыл және тұлғалық-бағдарланған тәсілдерді талап етеді. Осыған байланысты Әлихан Бөкейхан атындағы лицей-мектебі қабырғасында «Мақсатқа жетудің идеялары» атты жоба бастау алды.

Бұл жинақ мұғалімдер жүзеге асырған сегіз пәнаралық мини-жобаны бір ортақ кәсіби кеңістікке біріктіреді.

Жоба жұмыс күні аяқталғаннан кейінгі бейресми ортада, «Бір шыны аяқ шай үстінде сұхбаттасу» атты тәлімгерлер мен жас педагогтер қауымдастығы аясында жүзеге асырылады. Мұнда қатысушылар кәсіби тәжірибемен бөлісіп, әдістемелік жаңалықтарды талқылайды. Үш жыл ішінде бірде-бір жас маман жұмыстан кетпеген - бұл тәжірибелі әріптестердің бағыт-бағдары мен қолдауының нәтижесі.

Жобаның мақсаты:

Педагогтердің кәсіби қауымдастығын қалыптастыру және дамыту арқылы тиімді педагогикалық тәжірибелерді тарату, жас мамандардың кәсіби құзыреттілігі мен мотивациясын арттыру.

Міндеттері:

- Жас мамандарды қолдау;
- Пәнаралық өзара әрекеттестік арқылы әдістемелік құралдарды кеңейту;
- Оқушылардың дамуына ықпал ететін білім беру ортасын қалыптастыру;
- Бейресми кәсіби диалог пен тәлімгерлікті насихаттау.

Жүзеге асырылған жобалар тізімі

№	Жобаның атауы	Пәнаралық байланыс	Қатысушылар
1	LingvaMix: екі тіл – бір ойлау	орыс тілі мен әдебиеті + ағылшын тілі	Қасимова К.Ф., Бектасова Д.С.
2	Сөз + Сан = Зияткер бала	бастауыш сыныптар	Шакиева А.Б., Сырнай Б.
3	English Upgrade: ағылшын тілін жаңаша үйрену	ағылшын тілі	Шакубаева М.К., Бектасова Д.Р.
4	Сөз күдіреті – ұрпаққа аманат	қазақ тілі мен әдебиеті	Сибанбаева Б.А., Исакова И.А.
5	Математикалық самғау: ойыннан олимпиадаға	математика	Шоманова Г.Н., Әсел Оралханқызы
6	Физика іс жүзінде: модельдеу, жобалау, бағдарламалау	физика + информатика	Аментаева Г.К., Ақмарал Б.

7	BioTechLab: цифрлық биологияны өз қолыңмен	биология + информатика	Калиева К.Т., Уәлиева М.Т.
8	Language Land: тілдер әлеміне саяхат	бастауыш сыныптар + ағылшын тілі	Шабажанова Д.К., Тұрғынбаева А.Т.

Мысалы: «Language Land: Тілдер еліне саяхат» жобасы.

Авторы: Шабажанова Д.К. және Тұрғынбаева А.Т.

Бастауыш сынып пен ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің бірлескен жобасы.

Жоба - ағылшын тілінің элементтерін бастауыш сыныптардың күнделікті мектеп өміріне - ойындар, әндер, мультфильмдер, квесттер, шығармашылық тапсырмалар арқылы енгізеді. Тәлімгер педагогикалық қолдау көрсетеді және жас маманды бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс істеу әдістерімен қамтамасыз етеді. Жас маман ағылшын тілін оқытудың заманауи тәсілдерін — TPR (Total Physical Response әдісі, толық физикалық елеу әдісі тіл мен іс-қимылдың ара қатынасын белгілеу идеясына негізделген және тілді моториканы қолдану арқылы меңгеруді қажет етеді, минн-спектакльдер, карточкалар, қозғалыстар, әндер арқылы енгізеді.

«Мақсатқа жетудің идеялары» жобасы немесе «Бір шыны аяқ шай үстінде сұхбаттасу» аға буынмен жас буынның сабақтастығы, бұл жобаның ерекшелігі аға буынның жас буынның тың идеясын өз тәжірибесіне ала отырып үйрету. Жас маманның ұстаздық мамандыққа деген махаббатың арттыру, soft skills (софт скилс)- басқару менеджменттің кәсіби жұмыс істеуі. 3 жылдың ішінде мектепке қабылданған бірде-бір жас маманның жұмыстан кетпеуін айтуға болады. Ғылыми жетекшінің дұрыс бағыттауының негізінде бұл жобаға қатысқан тәжірибелі мұғалім де, жас маман да қандай сайысқа қатыспасын нәтиже көрсете алып жүр, екі аға буын республикадан озып шығып, 3 жас буын республикалық және облыстық сайыстың жүлдегерлері атанды.

Эксперименттік бағдарламаны іске асыру нәтижелері бойынша қандай қорытындылар жасалды?

1. Білім беру сапасының артуы байқалады:

- 2023-2024 оқу жылының соңында мектеп бойынша оқушылардың білім сапасы 70 % құраса, 2024-2025 оқу жылы – 71 % көрсетуде.

Химия, физика, математика пәндерінен білім сапасы артты.

Жаратылыстану пәндері бойынша білім сапасының оң динамикасы байқалады. Лицей сыныптары 2023 жылы - 8, 2024 жылы - 14, 2025 жылы – 17 сынып-комплект болады. Динамикасы +3.

2. Мектеп педагогтері оқушыларды функционалдық сауаттылық дағдыларына дайындау бойынша нәтижелі жұмыс жүргізуде. Сабақтарда олар ақпаратты түсініп қана қоймай, практикалық есептерді шешу барысында математика, биология және басқа пәндер бойынша алған білімдерін қолдануға үйренеді. Мектептен шыққан кезде түлектер оқу міндеттерін шешіп қана қоймай, өмірде де табысты болуды үйренуі керек: ақпаратты тауып, қолдана білу, технологиялармен жұмыс істеу, сыни тұрғыдан ойлау және жауапты шешімдер қабылдау. Осылайша, мектеп түлегі ересек өмірге, жұмысқа, оқуға және жеке міндеттерге дайын болады.

2024 жылы білім алушыларды ғылыми-зерттеу жұмысына дайындауға магистр біліктілігі бар 11 (78%) педагог тартылса, 2025 жылы - 4% артты. 2023-2024 оқу жылы оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмысына даярлау бойынша жүргізген жұмыстары оң нәтиже берді, бұл 2022-2023 оқу жылымен салыстырғанда, динамиканың 69% - ға өскенін көрсетті. 2023-2024 оқу жылын ағымдағы оқу жылымен салыстырғанда 12 % артты.

- Сабақта инновациялық технологияларды тиімді пайдалану материалды терсең игеруге және оқушылардың ББЖМ (білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі) мен ҰБТ-дағы нәтижелерін жақсартуға ықпал етеді.

2. Педагогтердің кәсіби дамуының тиімділігі байқалады:

- Мектепте көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ғалым, ұлт-азаттық қозғалысының көшбасшысы, тұңғыш қазақ саяси партиясының ұйымдастырушысы және Алашорда үкіметінің төрағасы Әлихан Бөкейханның есімінің 158 жылдығына арналған «І Әлихан Бөкейхан оқулары» республикалық ғылыми-практикалық конференциясын өткізілді. Білім мекемесінің инновациялық қызметі тақырыптары бойынша мектеп педагогтері қатысатын облыстық, қалалық деңгейдегі конференциялар мен семинарларға жоғары оқу орындарының ғалымдарын сарапшы ретінде және оқу семинарларын өткізуге шақыру (А.В. Алиясова, ғылыми жетекші, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, «STEMulation (Стемулейшн)» жобасының үйлестірушісі, Павлодар облысы бойынша «Өрлеу» БАҰО АҚ кәсіптік даму институтының Педагогика және пәндік әдістемелер кафедрасының аға оқытушылары Омаргүл Эртісхан және Мұхамметалина Ардақ Аманкүлқызы).

- Инновациялық жұмыстың қорытындысы бойынша ата-аналар жиналыстарын әзірлеу, педагогикалық кеңестерді жаңа форматта өткізу.

-«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Әлихан Бөкейханның еңбектерін оқу бойынша сабақтар әзірленді.

Бағдарламаның нәтижелілігін педагогтердің республикалық, облыстық және қалалық конкурстарға қатысуы арқылы байқауға болады.

«Табысты инновациялық стратегия» қалалық конкурсы

Павлодар қаласы педагогтерінің тамыз конференциясында қалалық «Табысты инновациялық стратегия» байқауының қорытындысы бойынша мектеп басшысы Л. Б. Жусупова ІІ дәрежелі дипломмен марапатталды.

Мектеп	Педагогтің аты-жөні, тегі	Нәтиже
Ә. Бөкейхан ат. ЛМ	Жусупова Ляйля Бажевна	ІІ орын

Облыстық «Педагогикалық шеберлік-2024» конкурсына эксперименттік жұмыс бағдарламасымен айналысатын 10 педагог қатысып, барлығы да жүлделі орындарға ие болды.

1	Канапьянова Роза Жаскайратовна Казымбетова Айман Камбешовна	I орын
2	Магжанова Айгуль Оразовна	II орын
3	Шоманова Гульнара Наймахановна	II орын
4	Рысмаганбетова Гульнара Казизолловна	II орын
5	Касимова Карлыгаш Файзулловна	III орын
6	Азимбаева Асия Джамбулатовна	III орын
Барлығы	7 педагог	

«Педагогикалық өнім» қалалық конкурсы

«Педагогикалық өнім» қалалық конкурсына 13 педагог қатысып, 7 мұғалім жүлделі орындарға ие болды.

№	Педагогтің аты-жөні, тегі	Нәтиже
1	Касимова К.Ф.	I орын
2	Жуманова Н.К., Каппасва Б.А.	II орын
3	Жаркина К. К., Шарбакбаева Б.К.	II орын
4	Кусманова К.Б., Тулеугаева Т.Б., Малгождарова А.	II орын
5	Шажанканова Б.М.	II орын
6	Айтжанова К.А., Жуманбаева М.К., Султанова Н.З.	III орын
7	Шарипова М.Т.	III орын
Барлығы	13 педагог	

Арнайы және инклюзивті білім беру педагогтері үшін «Soft skills (Софт скилс) трендте» республикалық байқауында Каппасва Б.А., Жуманова Н.К., Шакубаева М.К. 1- орынды иеленді.

Бағдарлама заманауи талаптарға жауап беріп қана қоймайды, сонымен қатар нақты нәтижелерге қол жеткізуге болатынын көрсетеді. Бір жыл ішінде бес негізгі бағытты қамтитын эксперименттік бағдарлама аясында көптеген идеялар жүзеге асырылды. Мектеп басшысы Жусупова Ляйля Бажевна, директордың орынбасарлары және тәжірибелі педагогтер бағдарлама үйлестірушісі әрі ғылыми жетекшісі Алиясова Анастасия Васильевнаның жетекшілігімен оқу-тәрбие процесінде жаңа инновациялық білім мен дағдыларды алу және қолдану үшін бос уақыттарын бөліп, белсенді еңбек етті. Педагогтар семинарларда тәжірибе алмасты, облыс және қала деңгейінде ашық сабақтар өткізді.

Жүргізілген жұмыс оқу процесіне оң әсер етіп, өз нәтижесін берді.

Жобалар тек әдістемелік форма ғана емес, мектеп мәдениетінің бір бөлігіне айналды. Мұғалімдер өздерінің маңыздылығын сезінеді, олардың кәсіби рефлексиясы мен педагогикалық міндеттерге дайындығы артады.

Бұл мектеп ішінде кәсіби өсудің тұрақты жүйесін құрып жатқанымызды білдіреді.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсын зерделеу

2024-2025 оқу жылында орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес (ҚР Үкіметінің

2012 жылғы 23 тамыздағы №1080) «Өмір қауіпсіздігінің негіздерін» (бұдан әрі-ӨҚН) міндетті түрде оқыту қамтамасыз етілуі тиіс, бұл ретте білім алушылардың төтенше жағдайларда (өрт, жер сілкінісі және т.б) практикалық дағдыларының қалыптасуына ерекше назар аударылуы тиіс.

Осыған байланысты «ӨҚН» курсының оқыту:

✓ 1-4-сыныптарда «Дүниетану» пәні аясында;

✓ 5-9-сыныптарда «Дене шынықтыру» пәні аясында;

✓ 10-11 сыныптарда «Алғашқы әскери дайындық» оқу курсының аясында жүзеге асырылады.

«Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсының іске асыру

Мектебімізде жол қозғалысы ережелері бойынша 1-8 сынып аралағында жол қауіпсіздігі жүргізіледі. Жол қозғалысы ережелерін игеруіне жылына әр сыныпқа сағаттар беріледі. ЖҚЕ бойынша оқу бағдарламасы.

✓ 1-4 сыныптарында жылына 6 сағат

✓ 5-8 сыныптарында жылына 10 сағат

Жолда жүру қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол қозғалысы ережелерін оқыту сабағы мектебімізде 1-8 сынып жетекшілері сынып сағаты сабақтарында іске асырылады.

Білім алушылардың субъективті жана меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зердеулерге және жалпыазаматтық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысы

Әлихан Бөкейхан атындағы мектеп-лицейде тәрбие жұмысы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде, Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік-құқықтық құжаттарына сәйкес, оқу-тәрбие жоспарына сай жүйелі түрде жүзеге асырылды. Тәрбие қызметі келесі негізгі нормативтік құжаттарға сүйеніп ұйымдастырылды:

«Бала құқықтары туралы» БҰҰ Конвенциясы;

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі (26.12.2011);

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы (08.08.2002);

«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы (04.12.2009);

«Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР Заңы (02.07.2018);

«Білім туралы» ҚР Заңы (27.07.2007);

ҚР Үкіметінің №988 қаулысы (27.12.2019) – Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

ҚР БҒМ №145 бұйрығы (15.04.2019) – «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері.

Мектептегі тәрбие жұмысының құрылымы

Мектептегі тәрбие қызметін ұйымдастыруда директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, кітапханашы, педагог-психолог, әлеуметтік

педагог және аға тәлімгер қызмет атқарады. Бұл құрылым тәрбие жүйесін жоспарлы, мақсатты ұйымдастыруға және оқушылардың тұлғалық дамуын үйлестіруге мүмкіндік береді.

2024-2025 оқу жылында мектепте 35 сынып, 35 сынып жетекші жұмыс атқарды. Тәрбие жұмысы 8 бағыт бойынша ұйымдастырылды:

№	Бағыт атауы	Іс-шара саны
1	Қазақстандық патриотизм және азаматтық-құқықтық тәрбие	27
2	Рухани-танымдық тәрбие	20
3	Ұлттық тәрбие	22
4	Отбасылық тәрбие	24
5	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	17
6	Зияткерлік, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу	19
7	Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие	16
8	Дене тәрбиесі және салауатты өмір салты	37

Қосымша өткізілген:

Сынып сағаттары – 34

Дөңгелек үстелдер – 21

Дебаттар – 12

Жиналыстар – 29

Патриоттық тәрбие және «Жас Ұлан» ұйымының жұмысы

Патриоттық тәрбие «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» БМЖҰ, «Адал Ұрпақ» ерікті клубы және Мектеп Парламенті арқылы жүзеге асырылды. Ұйым құрамында:

«Жас Ұлан» – 60 оқушы,

«Жас Қыран» – 47 оқушы.

Негізгі жобалар мен іс-шаралар:

«Үлкенге құрмет, кішіге ізет», «Мектепке жол», «Қайырымдылық», «Құстарға қамқорлық» акциялары,

«Мен – блогер» бейнеблогтар байқауы,

«Ту ұстаушылар» байқауы,

«Адалдық сағаты»,

«Где логика?» зияткерлік ойыны,

«Мектеп – заң аймағы» жобасы,

«Ұстазыңды құттықта!» акциясы.

Оқушылар ҚР Мемлекеттік рәміздерін, Гимнді жаттап, орындау сапасына қатысты сауалнамаларға қатысып, нәтижелері бойынша түзету жұмыстары жүргізілді.

Мектеп Парламенті және өзін-өзі басқару

«Мектеп Парламенті» Қазақстан Республикасындағы білім беру ұйымдарында білім алушылардың өзін-өзі басқару жүйесін дамыту тұжырымдамасы негізінде жұмыс істейді.

Оқу жылы басында Президент пен фракция жетекшілері сайланып, жылдық жоспар негізінде жұмыстар ұйымдастырылды.

Ата-аналар және клубтармен жұмыс

Мектепте ата-аналар қауымдастығы белсенді жұмыс атқарады.

Тәрбие жұмысын қолдаушы клубтар:

«Әкелер клубы»

«Әжелер клубы»

«Аналар клубы»

«Ағалар» клубы

«Ақсу» қыздар клубы

«Мирас» ұлдар клубы

Әлеуметтік жағдай және көмек көрсету

Оқу жылын – 885 оқушымен бастап, 872 оқушымен аяқтады.

Аз қамтылған отбасылар – 73

Көп балалы – 127

Толық емес отбасылар – 109

Қамқорлыққа алынған балалар – 1 (қатерлі топ)

Мүгедек балалар – 3

«Мектепке жол» акциясы аясында 63 оқушыға – 2 747 808 теңге көлемінде көмек көрсетілді. Ыстық тамақпен ай сайын арнайы санаттағы оқушылар қамтылды.

Педагогтердің жетістігі

Мұғалімдер облыстық және қалалық деңгейдегі байқауларға белсене қатысып, келесі нәтижелерге қол жеткізді:

Облыстық деңгей:

I орын – 1

II орын – 2

Қалалық деңгей:

I орын – 5

II орын – 4

III орын – 8

Психологиялық қолдау және логопедиялық жұмыс

Психологтер: М. Ханафия және Д. Баильдинова

Жүргізілген жұмыстар:

I–II сыныптарға жүйелі психологиялық сүйемелдеу

10 ата-анаға, 35 оқушыға кеңес беру

Эмоционалды және мотивациялық даму 10–12% артты

Буллинг пен суицидтің алдын алу бойынша тренингтер

Логопункт: 25 бала тіркелген, 15 балаға тұрақты түзету жұмыстары жүргізілді.

Инклюзивті білім беру бойынша 3 бала логопедиялық сабаққа қатысты.

Жазғы демалысты ұйымдастыру

«Жарқын жаз – 2023» бағдарламасы аясында:

Бастауыш лагері – 190 оқушы

Бейіндік лагерь – 90 оқушы

Мектеп учаскесінде – 211 оқушы жұмыс жасады

7 «В», «Г», «Д» сыныптары суару жұмыстарына 100% қатысты.

10-сыныптың 15 оқушысы жазда кәсіпкерлікпен келісімшарт негізінде жұмыспен қамтылды.

2024–2025 оқу жылында Әлихан Бөкейхан атындағы мектеп-лицейде тәрбие жұмысы жүйелі, бағытталған, нәтижеге бағытталған сипатта жүзеге асырылды. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының барлық компоненттері қамтылып, оқушылардың тұлғалық, әлсуметтік және азаматтық қасиеттерін дамытуда оң нәтижелерге қол жеткізілді.

Кәсіптік бағдар бойынша жұмыстың талдауы

Мектеп-лицейінде кәсіптік бағдар беру жұмысы өте өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. 9-11 - сынып оқушылары болашақ мамандықты саналы түрде таңдауға әлі дайын болмағандықтан, кәсіби бағдар беру жұмыстары жоспар бойынша жыл бойы қарастырылды.

Ата-аналар және оқушылармен жұмыс

№	Іс-шараның атауы	Ата-аналар саны	Форматы	Жауапты	Қамтылу
1	«Мамандық таңдаудың маңыздылығы»	45	Ата-ана жиналысы	Сынып жетекшілер	45
2	«Менің болашақ мамандығым» сынып сағат		Сынып сағаты	Сынып жетекшілер	50
3	«Сізге қай мамандық лайық?», «Мамандық таңдау-ертеңді ойлау» тренинг-сабақ		Сынып сағаты	Мектеп психологі М. Ханафия	90

ЖОО мен колледждермен жұмыс

№	Іс-шараның атауы	Мерімі	Форматы	Жауапты	Нәтиже
1	Павлодар қаласының «Жастар бастамаларын дамыту оралығы» «Кеңесшілер көрмесі» қатысу	26.09.2024	Экскурсия	Д.С.Баилдынова Сынып жетекші	Жоғары оқу орындары мен техникалық кәсіптік оқу орындарының қызметі туралы өңірдегі мектеп тұлғаларын ақпараттандыру
2	Торайғыров университеті маркетинг бөлімінің әдіскерлерімен кездесу	12.11.2024	Кездесу	Д.С.Баилдынова	Мамандықтар бойынша жұмысты кеңейту
3	Қазақ Бас Сәулет-Құрылыс	18.11.2024	Кездесу	Д.С.Баилдынова	Мамандық таңдау көмек көрсету

	Академиясының студенті 11 сынып оқушыларына кәсіптік бағдар беру жұмыстарын өткізу				
4	Apply Globl шегелде тегін білім алу және стипендия бойынша кәсіби бағдар жұмыс өткізді.	28.11.2025	Кездесу	Д.С.Баильдинова	Заманауи және нарықта сұранысқа ие мамандықтар жөнінде білімдерін толықтыру
5	Павлодар қаласының Қабанбай батыр атындағы «Жас сарбаз» облыстық мамандандырылған лицей-мектеп-интернаты мұғалімі және тәрбиеленушілері кездесу	13.01.2025	Кездесу	Д.С.Баильдинова	Болашақ мамандық туралы білімін кеңейту
6	5512 әскери бөлімі Тәрбие және әлеуметтік құқықтық жұмыстар бөлімшесі бастығының көмекшісі майорымен кездесу	06.02.2025	Кездесу	Д.С.Баильдинова АӘД мұғалімі	Мамандық әлемі және олардың ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту.
7	«WorldSkills-2025» өңірлі кәсіби шеберлік чемпионаты аясында қалалық мектептер арасында «Слесарлық іс» құзыреттілігі бойынша «Junior Skills» байқауы	09.04.2025	Сағыс	Көркем еңбек пәнінің мұғалімі	

Экскурсия және өндірістерге бару

№	Іс-шараның атауы	Мерзімі	Форматы	Жауапты	Нәтижесі
1	Павлодар қаласының Төтенше жағдайлар басқармасына №4 өрт сөндіру орталығына бару	08.05.2025	Экскурсия	Д.С.Баильдинова Сынып жетекші	Әр сыныппен кәсіптік бағдар беру жұмысын арттыру
2	«Павлодар қаласының Ақпараттық технологиялар колледжіне» 9- сынып оқушыларымен экскурсия	16.04.2025	Экскурсия	Д.С.Баильдинова Сынып жетекші	Түлектерге керек ақпарат беру
3	Ашық есік күні Б.Ахметов атындағы жоғары педагогикалық колледжі	29.03.2025	Экскурсия	Д.С.Баильдинова Сынып жетекші	Түлектерге керек ақпарат беру

4	Ашық есік күні Жоғары түсті металлургия колледжі	29.03.2025	Экскурсия	Д.С.Байлыдинова Сынып жетекші	Түрлі мамандықтардың қоғамдағы орны жайлы ой бөлісті кеңейту
5	Павлодар класының химия-механикалық колледжі	04.04.2025	Экскурсия	Д.С.Байлыдинова Сынып жетекші	Колледждің артықшылықтары жайлы ақпарат берілді.
6	«Open-air» форматында «Mamandeq fest» қалалық кәсіптер фестиваліне қатысты	30.05.2025	Экскурсия	Д.С.Байлыдинова Сынып жетекші	Түлектер облыстағы оқу орындар, колледждер туралы пайдалы, қажетті ақпарат алды.

Мәселе:

Қазіргі қоғам экономикасының сұранысын ескере отырып, білім алушылармен кәсіптік бағдарлау бойынша 7,9-сыныптарда жұмыстың аздығы;

Білім алушылармен кәсіптік бағдар беру қызметін ұйымдастыруда сыныптан тыс жұмыстың әртүрлі формалары, заманауи педагогикалық технологияларды қолданудың жеткіліксіз болуы.

Кәсіби маманның қалыптасуына тікелей әсер ететін ата-аналар мен мұғалімдердің өзара іс-қимылын жандандыру. Білім алушыларды өңірде және аудандарда сұранысқа ие мамандықтарды таңдауға бағыттау.

«Қазақстан Республикасының Тіл туралы» Заңының орындалуы

Қазақстан Республикасының Тіл туралы 1997ж. 11 шілдедегі №151-І(2023.01.05. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) Заңы және Тілді дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның негізгі талабы білім сапасын арттыру болып табылады. Ал білім сапасын көтеру - оқушының білімін жоғары деңгейге көтеру осы мақсаттарды алға қоя отырып, жаңа технологиялардың қолданылуын, тәжірибе алмасу, тіл мамандарының күнделікті жұмыстары болып табылады. Мектептегі барлық мәдени шаралар мемлекеттік тілде жүргізіледі.

Мектеп құжаттарының жүргізілуі:

1. Мектепшілік жұмыс жоспары.
2. Бұйрық кітабы.
3. Педагогикалық кеңес хаттамасы.
4. Әдістемелік кеңес хаттамасы.
5. Директор жанындағы кеңес хаттамасы.

Мектепте қазіргі таңда 1228 оқушы, 84 ұстаз қызмет етуде, оның ішінде қазақ тілінен 6 мұғалім, орыс тілінен 7 мұғалім, ағылшын 7 тілінен 20 мұғалім қызмет атқарады.

Тілдер пәнінің мұғалімдері талантты, шығармашылықпен жұмыс істейтін кадрлардан құралған.

Ұстаздар мен оқушылар бірнеше жылдардан бері қатарынан республика, облыс және аудан көлемінде тіл пәндерінен мәнерлеп оқу сайыстары мен олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындарға ие болып отырады.

«Атамұра» бірлестігінде қазіргі таңда 20 мұғалім қызмет атқаруда. Мұғалімдер сапасының құрамы талапқа сай. Барлығы жоғары білімді ұстаздар. Санаттарына тоқталатын болсақ, әдістемелік бірлестікте «педагог-зерттеуші» -11, «педагог-сарапшы»- 4, «педагог-модератор»- 1, «педагог» - 4. Магистр дәрежесі 6 мұғалімде: Жусупова Л.Б, Асылбекова Л.Б, Магжанова А.О, Шакубасва М.К, Жуманова Н.К, Каппаева Б.А

Әдістемелік бірлестіктің жылдық жоспары талданып, бекітілді. Пән апталығы, пәндік олимпиада материалдарын дайындау, озық іс-тәжірибе мектебімен танысу, ашық сабақтардың жоспары, дарынды оқушылармен жұмыс, педоқулары тақырыбы, аттестация, курстары жайында және басқа да атқарылатын жұмыстар талқыланды. Сонымен қатар, әдістемелік бірлестігінің мұғалімдері мектептегі қабілетті және нашар оқитын оқушыларды анықтап, олармен арнайы жоспар бойынша жұмыс жүргізді. Апталықтың жоспары отырыстарда талқыланып, барлығы уақытылы өткізілді. Кез-келген мәселе бірлесе, ақылдаса шешіліп отырды. Оқушылардың білімін анықтау мақсатында ағымды бақылау жұмыстары (Бжб, Тжб) әдістемелік бірлестігінде талқыланып, уақытылы өткізіліп, соңынан модерация жүргізіліп отырды.

Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың жалпы ережелері сақталынады. Білім сапасының көрсеткішінде орыс тілі және ағылшын тілі пәндер бойынша мемлекеттік стандарт бағдарламасы, бақылау жұмыстарының нормалары орындалды.

Тілдерді қолдану мен дамыту аясында мектепте және мектептен тыс іс шаралары жоспарланған. Соның ішінде: Тілдер күніне арналған іс-шаралардың жоспары әзірленіп, мектеп директорымен бекітілген.

Бірінші қабат қабырға газеттері және оюлар, мақал-мәтелдермен безендірілді. Белсенділік танытқан сыныптар: бастауыштың барлық сыныптары.

Қазақстан Республикасының тілдер күнінде барлық сайыстардың қорытындысы айтылып, оқушылар мадақтама қағаздарымен марапатталды.

13-22 ақпан аралығында «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!» атты Тілдер онкүндігі өтті.

Мақсаты: мемлекеттік тұтастық пен ұлтаралық татулықты сақтау, қазақстандық патриотизмді нығайту, ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттыруғ "үштұғырлы тіл " саясатын жүзеге асыру.

Онкүндіктің ашылуына бірлестік мұғалімдері арнайы тақырыптық баннер жасап, 1-қабатта таңертең салтанатты ашылу рәсімін жасап, оқушылар күй тартып, ән айтты. Шет тілі мұғалімдері 1-қабатта "Hello!", "Good morning!", "How are you?" деген амандасу сөздерімен қарсы алып, "Have a nice day!", "Good luck!" деп сәттілік тілеуден басталды. Балалар көңілді аюмен суретке түсіп , онкүндік жоспарымен танысты.

Тілдер онкүндігі аясында пән мұғалімдері тарапынан озық тәжірибені насихаттау, әдістемелік көмек көрсету мақсаттарында ашық сабақтар өткізілді. Канапьянова Р.Ж.5- «А» сыныбында орыс тілі мен әдебиеті пәнінен «По одежке

встречают...» тақырыбында ашық сабақ өтті. Оқушылар қызыға және белсене қатысып, білімдерін шыңдады. Сабақ барысында оқушылар топтық, жұптық, жеке жұмыс жасауына арналған тапсырмалар орындады. Сабақ жоғары деңгейде өтті.

9 «А» сыныбында қазақ әдебиетінен «Шұғаның белгісі» тақырыбында ашық сабақ өтті. Мақсаты: оқушыларды қазақ әдебиетінің ірі тұлғасы Б. Майлинның шығармаларымен таныстыра отырып, білімдерін кеңейту, идеясын ашу. Сабақта әңгімеден үзінді көрсетіліп, «Балық қаңқасы», «Концептуалдық кесте», «Венн диаграмма» әдісі қолданылды. Пән мұғалімі: Б.М.Шажанканова сабақ жоғары деңгейде өтілді.

Тілдер онкүндігі аясында Касимова К. Ф. 8 «А» сыныбында «Ертіс. П. Васильев» тақырыбында орыс тілі мен әдебиет пәнінен ашық сабақ өтті. Сабақ барысында деңгейлеп-саралау технологиясы элементтері жақсы көрсетілді, қалыптастыру бағалауы (оқушылар А, В, С) жүргізілді. Оқушылар белсенді қатысып, орыс тілінен жақсы білім деңгейлерін көрсетті. Әріптестер тарапынан сабақ «жоғары деңгейде өтті» деген баға алды.

5 "В" сыныбында қазақ әдебиетінен "Менің атым Қожа" тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақтың мақсаты: Оқушыларды қазақ әдебиетінің ірі тұлғасы Бердібек Соқпақбаевтің «Менің атым Қожа» повесінің тақырыбын анықтау, шығарманың идеясын түсіндіре отырып, білімдерін кеңейту. Шығарманы түсініп оқи білуге баулу, шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс- әрекеті арқылы образын ашу. Тілдік сөздік қорларын дамыту арқылы пәнге деген қызығушылығын арттыру. Мұғалімі: Бекбаева Р.Т. Сабақ барысында «Ойын технологиясы» элементтері оқушылардың қызығушылығын тудырды, оқушыларға берілген тапсырмалар әртүрлілігімен ерекшеленді. Сабақ жоғары деңгейде өтілді.

Ағылшын тілі мұғалімі, педагог-зерттеуші Мағжанова Айгуль Оразовна мектебіміздің жас мамандарына арнап «Тиімді білім берудің әдіс-тәсілдері» тақырыбында коучинг өткізді. Мақсаты: мектептің жас мұғалімдер мамандарымен тәжірибе бөлісу.

Ағылшын тілінің мұғалімі А.О. Мағжанова 6-сыныптар арасында "Enjoy English " атты зияткерлік викторина өткізді. Мақсаты: оқушылардың ағылшын тіліне деген қызығушылығын арттыру. Нәтижесінде 30 ұпай жинаған 7 "Б" сыныбы жеңімпаз атанды.

Ағылшын тілі мұғалімдері "Great Britain" тақырыбында сурет көрмесін ұйымдастырды.

Ағылшын тілі мұғалімі М.К.Шакубаева Interactive break ұйымдастырды. Оқушылар белсенді қатысты. "Quebec Winter Carnival" атты ашық сабақ өткізді. Оқушылар сипаттамалы мақала жазуға үйреніп, сабақ мақсатына жетті.

Дәл осы күні балалар арасында кітап оқуды насихаттау, олардың мәнерлеп оқу дағдысын жетілдіру мақсатында орыс тілі мұғалімі Б. К. Жусупова 4-«Б», «Г» сыныптар арасында «Лучший учитель класса» тақырыбында сайыс өткізді. 4 «Б» Мурсалимова Айзерс 1 –орын, 4 «Г» Отыншина Аружан 2 –орынға ие болды, 4 «Б» Нұржан Аружан; 4 «Б» Маратова Адия сүйікті кітаптарының презентациясы үшін алғыс хаттармен марапатталды.

М.К.Шакубаева 8-9 сыныптар арасында «Treasure hunt» квест ойны өткізді. Оқушылар түрлі тапсырмалар орындап, басты жұмбақты шешу керек болды. Ойын қорытындысы бойынша жеңісті 9 «А» сыныбы еншіледі.

Ағылшын тілі мұғалімдері Каппаева Б.А, Жуманова Н.К. 5-сыныптар аясында «The best karaoke song» ойыны ұйымдастырды. Мақсаты: оқушыларға ағылшын тілінде ән айту арқылы есту, сөйлеу дағдыларын дамыту. А.О.Мағжанова 10 «А» сыныбында ағылшын тілінен «Media habits» тақырыбында ашық сабақ өтті. Мақсаты: тақырып бойынша оқушылардың сөздік қорын кеңейту, сөйлем құрауға үйрету, өз ойларын еркін айтуға машықтандыру.Б.А.Каппаева 6 «Б» сыныбында ағылшын тілінен «Parks around the world» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Мақсаты: тақырып бойынша жаңа сөздерді үйрену, оқушылардың сөйлеу, оқу, жазу, тыңдау дағдыларын дамыту, саябақтар туралы білімдерін арттыру, will/be going to құрылымын бекіту. Балалар екі топта жұмыс жасап, бір-бірін бағалады, сабақта белсенділік танытты. Жуманова 7"Б" сыныбында "Entertainment and media"атты ашық сабақ өткізді Мақсаты: модуль бойынша сөздерді бекіту, сөйлеу, тыңдау, оқу дағдыларын дамыту. Оқушылар үш топқа бөлініп ,сабаққа белсене қатысып,жұмыс жасады.

«Lights, Camera, Action» атты ағылшын тілінде театрланған кеш өтті. 7-8 сынып оқушылары ағылшын драматургі, ақыны Уильям Шекспирдің "Ромео мен Джульетта" трагедиясын қойып тамашалады. 7 "В" сынып оқушысы Қанргелді Ислам, 7"А" сынып оқушылары Сейтбатталова Айзия, Болатов Сұлтан, Зейнуллаев, Окасова Айханым, 8- Асынып оқушылары Төлсұтас Дарын , Насибулла Аңсар сияқты оқушылар белсенділікпен қатысты. Осы күні мектебімізде ағылшын тілінде "Debate 2023" пікірталас ойыны жоғары деңгейде өтті. Ойынға 10-11 сыныптар қатысып, нәтижесінде 10 "А" сынып оқушылары жеңіске жетті. 10 "А" сынып оқушысы Амренов Ансат керемет ойын көрсетіп, «SPEAKING FLUENTLY» номинациясына ие болса, "HIGH LEVEL VOCABULARY" номинация иегері 10 "Б" сынып оқушысы Турсынова Диляра атанды, ал "BEST SPEAKER" номинациясын 10 "Б" сынып оқушысы Байгуанов Темірлан еншіледі. Дебатқа төрелік сту үшін мектеп қонағы Эмили Ренмен бірге тәуелсіз сарапшылар да шақырылды. Ойынды педагогикалық оқу-тәжірибесінде жүрген Б.Ахметов атындағы жоғары педагогикалық колледж студенттері мен ағылшын тілі мұғалімдері А.О. Мағжанова, М.К. Шакубаева ұйымдастырды.

Онкүндік барасында оқушылардың ой-өрісін кеңейту, түрлі іс-шараларға белсенді қатысуға тарту, грамматикалық және лексикалық дағдыларын дамыту, үш тілде сөйлеу дағдыларын жетілдіру, сөздік қорын молайту бағытында қоңырау арасында ұйымдастырылған квест-ойындар, интеллектуалдық ойындарға оқушылар жоғары белсенділікпен қатысты: сөзжұмбақтар шешті, мақал-мәтелдер мен жаңылтпаштар айтып, тәтті сыйлықтарға ие болды. «Ұлттық киім сайысы, қара жоға билеу» 5-11- сыныптар арасында М.Мақтасовтың өлеңдерін мәнерлеп оқу» шығармашылық сайыстар өткізіліп, оқушылар марапатталды. Ұйымдастырушы: Б. А. Сибанбаева;

Педагогикалық тәжірибесіде жүрген Б.Ахметов атындағы жоғары педагогикалық колледжден келген тәжірибеден өтуге келген студенттері де онкүндік шараларына белсене қатысып, тәжірибе жинақтады. «Funny breaks» өтті.

Оқушылар ағылшын тіліндегі әндерге студенттермен бірге флешмоб билеп, фото аймақта суретке түсті. Бастауыш сынып оқушыларына “Dance day” флешмобы ұйымдастырылып, балалар белсенділік танытты. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Онкүндік «Daily» ұйымдастырылды, орта буын оқушыларынан ағылшын тілінде видео-сұхбат алынды. Сұхбатта оқушылар сүйікті кітаптары мен ұнататын жанрлары туралы әңгімеледі.

7-сыныптар арасында өткен «Абайдың қара сөздерінің тәрбиелік мәні» атты викториналық ойын өзінің мазмұндылығымен ерекшеленді. Өткізуші қазақ тілі мұғалімдері Б.М.Шажанканова, Р.Т. Бекбаева. студенттердің ат салысуымен. Б. А. Сибанбаева - жерлес ақын Қазақстанның Халық жазушысы, айтулы публицист, майталман аудармашы, әдебиет зерттеушісі Мұзафар Әлімбаевтың мерейтойына арналған «Балалар әдебиетінің бағбаны» атты тақырыптық кеш ұйымдастырды. Аталған шарада оқушыларға қаламгердің әдеби-музыкалық шығармалары насихатталды, кітапханада кітап көрмесі қойылды. Кеш жоғары деңгейде өтті.

«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» онкүндігінің жабылу салтанаты концертпен аяқталды, үш тілдегі іс-шараларға белсене қатысқан оқушылар марапатталып, түрлі сый-сияпатқа ие болды. Өткізілген барлық шаралар мектептің инстаграм парақшасында жарияланып, көпшілік назарына ұсынылып отырды.

Тілді оқытуда, әсіресе, жеке тұлғаның қалыптасуына ерекше мән бере отырып, тіл арқылы ұлтжанды азамат тәрбиелеу басты назарда болуы тиіс.

Ұсыныс:

Қазақстан Республикасының Тіл туралы 1997ж. 11 шілдедегі №151-І (2023.01.05, берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) заңың ӘБ талқылау.

Жыл бойы Тілдерді қолдану мен дамыту аясында мектепте және мектептен тыс іс шаралары жоспарлау.

«Павлодар қаласының Ә. Бөкейхан атындағы лицей- мектебі» КММ Үштілділік жұмысты талдау 2023-2024 оқу жылы

Көптілде білім беруді дамыту жол картасы оқушылардың мемлекеттік тілді - қазақ тілін, қазақ тілімен тең ресми тіл ретінде қолданылатын орыс тілін және әлемдік қоғамдастыққа ойдағыдай кірігу құралы ретінде ағылшын тілін меңгеруге ықпал ететін білім ортасын жақсартуға бағытталған. Осы негізде үш тілде білім беруді дамыту бойынша біздің мектепте шығармашылық топ құрылды.

Шығармашылық топтың құрылу өзектілігі: үш тілді жетік меңгеру оларға ақпараттық кеңістігіне ену мүмкіндіктерін «үш есе» кеңейтіп, ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастыруды «үш есе» жетілдіруге мүмкіндіктер туғыза алады. Қазақстан Республика Президентінің бағдарламасын іске асыруға ат салысады. Көптілді білім беруші орта құралады. Осы бағдарлама аясында бәскеге қабілетті білім алуға мүмкіндік туады. Кітапхана қорында көптілді әлем әдебиетінің мол болуы қамтамасыз етіледі.

Мақсаты: шығармашылық топтың бірлесе жұмыс жасауда үш тілде оқыту негізінде дарынды оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыта отырып, ақпараттық кеңістігіне ену мүмкіндіктерін кеңейту, бәскеге қабілеттілігін арттыру.

Мақсатты жүзеге асыру үшін төмендегідей міндеттер:

Оқушы құзыреттілігінің қалыптасуына қолайлы жағдайлар жасау;

Оқушының жаратылыстану-математика бағытындағы табиғи дарындылығын дамыту;

Адам мен табиғаттың біртұтастығы негізінде жаратылыстану циклы пәндерін оқытуда табиғатты қорғау дағдаларын қалыптастыру, оқушыларды алған білімін өмір қажеттілігіне қолдана білуіне талаптандыру;

Еліміздің көпмәдәниетті қоғамының біртұтастығын ардақтай отырып, қазақстандық патриоттық сана қалыптастыру.

Шығармашылық топтың құрамына төмендегідей пән мұғалімдері кіреді:

Калиева К.Т. – директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары;

Аментаева Г.К. – физика пәні мұғалімі

Калиева К.Т. - биология пәні мұғалімі

Саметова З.Т. – информатика пәні мұғалімі

Абдрахманова М.М.- информатика пәні мұғалімі

Рысмаганбетова Г.К. – химия пәні мұғалімі

Магжанова А.О. – ағылшын тілі пәні мұғалімі

Шакубаева М.К. – ағылшын тілі пәні мұғалімі

Көптілде білім берудегі негізгі пәндері бойынша 2022-2023 оқу жылының жылдық қорытындысы мен 2023-2024 оқу жылының I жартыжылдық қорытындысының салыстырмалы талдауы

Кесте 1.

Пән мұғалімі	Пән атауы	2022-2023 (жылдық)		2023-2024 (I ж/ж.)	
		сынып	сапа	сынып	сапа
Саметова З.Т.	Информатика	6 А	89%	7 А	92%
Саметова З.Т.	Информатика	7 А	94%	8 А	96%
Абдрахманова М.К.	Информатика	8 А	93%	9 А	96%
Калиева К.Т.	Биология	6 А	89%	7 А	100%
Калиева К.Т.	Биология	7 В	89%	8 В	91%
Аментаева Г.К.	Физика	7 А	88%	8 А	90%
Рысмаганбетова Г.К.	Химия	8 А	89%	9 А	96%

Диаграмма 1.



Көптілде білім берудегі жаратылыстану бағытындағы пәндер бойынша 2022-2023 оқу жылының жылдық қорытындысы мен 2023-2024 оқу жылындағы I жартыжылдық білім сапасы қорытындысының салыстырмалы талдауынан көрініп тұрғандай аталған барлық пәндердің нәтижесі динамикалық көрсеткіш көрсетіп, артқаны байқалады. Мұның себептері мынадай:

Осындай жоғары көрсеткіштің байқалуы пәндердің қосымша оқытылу үйлесімділігінің болуы;

Пән мұғалімдерінің жұмысын арттыруға көптілде оқыту айтарлықтай үлес қосты;

Аталған пәндер бойынша білімді көптілде алу оқушылардың мотивациясы мен өзін-өзі ұйымдастыру деңгейін арттырды;

Екі оқу жылы қатарынан осы сыныптардың гимназия компонентінен бөлінген қосымша сабақтарға үнемі қатысып отыруы.

Туындаған мәселелер:

Үштілде оқытылатын сынып оқушылары мен ата-аналар арасында сауалнамалар жүргізу, аналитикалық талдау жасау.

Ұсыныстар:


Үштілде оқытылатын сынып оқушыларына психологиялық қызметті арттыру (қолдау, жақсарту);

Үштілде оқытылатын пәндер бойынша дидактикалық материалдарды сұрыптау, жинақ шығару.

Жас мамандармен жұмыс туралы ақпарат

2022-2023 оқу жылында жалпы мектебімізде 9 жас маман, 2023-2024 оқу жылында жалпы мектебімізде 13 жас маман, 2024-2025 оқу жылында 13 жас маман қызмет атқарды.

Жас мамандармен жұмыста да оң серпін байқалады:



Мектеп жас мамандарды бейімдеу және қолдау бағытында тәлімгерлік жұмыстарын белсенді жүргізуде.

Жаңартылған білім мазмұны жағдайында жас мамандардың табысты бейімделуі үшін ұйымдастыру, әдістемелік жағдай жасау мақсатында «Талпыныс» жас мамандар мектебі жұмыс жасауда. Жас мұғалімдердің кәсіби дайындық деңгейін анықтау, нормативтік құжаттармен жұмыс істеуді меңгерту, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауды дайындау, мектеп құжаттарын жүргізу, элективті,

таңдау пәндері бойынша, жеке және топтық курс бағдарламаларын дайындаудағы жеке консультациялар, қазіргі сабаққа қойылатын талаптар, оқу процессін ұйымдастыру формалары, олардың үйлесуі, қазіргі мектептегі сынып жетекшісінің қызметі сияқты бастапқы әдістемелік жұмыс ұйымдастырылады. «Талпыныс» мектебінің –өзінің арнайы бекітілген жұмыс жоспары негізінде жұмыстар атқарылады.

2022-2023 оқу жылында жас тәлімгер қалалық, облыстық байқауында Исакова И.А., Педшеберлік байқауында Бахатхан А, Шарипова М.Т жүлделі орындар алды.

2023-2024 оқу жылында екі жас маман Исакова И.А., Калибекова А. Қалалық деңгейде тәжірибе алмасты.

2024-2025 оқу жылында екі жас маман Тургунбаева А.Т. «Педагогикалық дуэт» облыстық байқауының 2-орын жүлдегері, Оралханқызы Ә. облыстық мұғалімдер арасындағы математика пән олимпиадасының 3-орын жүлдегері атанды.

5. Оқу және материалдық құндылықтар

«Павлодар қаласының Әлихан Бөкейхан атындағы лицей-мектебі» КММ 2021 жылғы 28 желтоқсанда ашылған. Қазіргі таңда:

- 37 пән кабинеті бар, 23 (62%) кабинет жаңа модификация бойынша ұйымдастырылған пән кабинеттері болып табылады:

информатика – 4

физика – 1 (2022 жылы толық жиынтықпен жабдықталған)

химия – 1 (2022 ж. жабдықталған)

биология – 2 (соның ішінде 1-і 2022 ж. жабдықталған)

технология – 3 (ұлдар үшін – металл және ағаш өңдеу шеберханасы, қыздар үшін – тігін және аспаздық кабинеттер)

робототехника – 1.

Сонымен қатар:

Бастауыш сыныптарға арналған кабинеттер – 13

Математика – 3

«Әлихан Бөкейхан» атындағы мұражай-кабинеті – 1

География – 1

Қазақ тілі мен әдебиеті – 3

Орыс тілі мен әдебиеті – 3

Ағылшын тілі – 2

АӘДП – 1

Шахмат – 1

Домбыра – 1

Спорт залы – 1 (514,5 ш.м.)

Акт залы – 180 орындық (217,6 ш.м.)

Асхана – 1 (195 ш.м., 200 орындық)

Медициналық кабинеттер – 2 (процедуралық және сғу бөлмелері)

Әкімшілік блокта:

Директордың кабинеті – 1
Директор орынбасарлары – 7
Мұғалімдер бөлмесі – 1
Педагог-психолог – 2
Логопед – 1
Әлеуметтік педагог – 1

Кітапхана – 1 (132,6 ш.м., 40 орындық, 16 361 дана негізгі қор, 13 629 дана оқу қоры, соның ішінде 11 837 – мемлекеттік тілде)

Интерактивті тақталар саны – 22.

Мектеп қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 183 бейнебақылау камерасы орнатылған, оның ішінде 49-ы сыртқы, 134-і ішкі. Бұл камералардың 21-і (5 ішкі, 16 сыртқы) ЦОУ жүйесіне қосылған. Қыс мезгілінде ғимаратта жылы +20-22 С. Оқушылар таза сумен қамтылған. Оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуын «Абденбаева Р.Д.» ШҚ жүзеге асыруда. Тегін тамақтанатын оқушылар "АПК" (Автоматтандырылған тамақтану жүйесі) арқылы арнайы карточкамен асханада тамақ алады.

Білім беру ұйымдарын материалдық-техникалық қамтамасыз ету, жарықтандыру және жабдықтау

2022–2024 жылдары білім беру саласындағы басым бағыттарды іске асыру аясында оқу орнын материалдық-техникалық жабдықтауға бөлінетін қаржы көлемі жүйелі және мақсатты түрде ұлғайды. Үш жыл ішінде игерілген жалпы сома 333,996 млн теңгені құрады, бұл білім беру ортасын дамытуға тұрақты қолдау мен инвестицияның бар екенін көрсетеді.

Қаржыландыру динамикасы:

2022 ж. — 11 900,0 мың тг

2023 ж. — 2 348,6 мың тг

2024 ж. — 19 151,0 мың тг

Қаражатты бөлу барысында мақсаттылық пен теңгерімділік принциптері басшылыққа алынды, бұл стратегиялық басымдықтарға толық сәйкес келеді:

2022 жыл:

44% — білім беруді цифрландыруға

30% — оқу кабинеттерінің жайлылығын қамтамасыз етуге

26% — материалдық-техникалық базаны (МТБ) нығайтуға

2023 жыл:

50% — оқыту ортасының жайлылығына және қауіпсіздігіне

50% — мектептің МТБ-н дамытуға

2024 жыл:

60% — цифрлық білім беруге

30% — сыныптардың жайлылығына

10% — МТБ-ны жаңғыртуға

Бұл деректер қаржының мақсатты пайдаланылғанын көрсетеді: қаражат білім беру сапасын арттыруға, цифрлық трансформацияға және оқуға қолайлы орта қалыптастыруға бағытталған. Қаржыландыруды стратегиялық жоспарлау білім

беру процесінің тұрақтылығын және оның заманауи талаптарға сай болуын қамтамасыз етеді.

6. Ақпараттық ресурстар мен кітапхана қоры

Мақсаты:

Мектеп қоры есебінен оқу үдерісін оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендерімен қамтамасыз ету, сондай-ақ 2025–2026 оқу жылына жетіспейтін оқулықтарға алдын ала тапсырыс қалыптастыру.

Бақылау объектісі:

Мектеп кітапхана қорының жай-күйі және оқушылар санының сараптамасы.

Бақылау түрі:

Шолу және есепке алу.

Жұмыс әдістері мен формалары:

Мектеп кітапханасына келіп түскен оқулықтар туралы есеп құжаттарын талдау арқылы оқулықтардың нақты санын анықтау.

2024 жылдың 4–13 қыркүйек аралығында мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Бегежанова Т.А. және кітапханашылар 2025–2026 оқу жылында мектеп кітапханасының оқу қорынан оқушылардың оқулықтармен қамтамасыз етілу деңгейіне мониторинг жүргізді.

Тексеруді жүргізгендер: Кітапхана меңгерушісі Шахманова А.Ж. және кітапханашы Амренова С.

Аталған кезеңде 2024–2025 оқу жылына білім беру қорын қалыптастыру және оқушыларды оқулықтармен қамтамасыз етуге бағытталған алдын ала жұмыстар жүргізілді:

Сыныптар бойынша оқулықтарды қабылдау кестесі әзірленді;

2024 жылдың сәуір–мамыр айларында жаңа оқу жылына күтілетін оқушылар контингенті алдын ала зерделенді;

Білім бөліміне оқулықтарға тапсырыс жолданды;

Мектеп кітапханасы Е-Кітапхана платформасында жұмыс істейді, оқулықтар тізімі сол жүйеге енгізіліп, білім бөлімі тарапынан бақыланады.

Оқулықтар қоры туралы мәліметтер (соңғы тексеріс актілері бойынша):

Жалпы саны: 24 876 дана

Қазақ тіліндегі оқулықтар: 23 905 дана

2024 жылы алынған жаңа оқулықтар саны: 5 804 дана

Жаңартылған оқулықтар туралы ақпарат:

4-сынып: Ағылшын тілі, Орыс тілі, Еңбекке баулу, Бейнелсеу өнері пәндері бойынша оқулықтар жаңартылды. Цифрлық сауаттылық пәні бойынша оқулық электронды нұсқамен (ТОPIG платформасында) алмастырылды.

7-сынып: Барлық пәндер бойынша оқулықтар жаңартылды.

10–11-сыныптар: «Құқық негіздері» және «Алғашқы әскери дайындық» пәндерінің оқулықтары жаңа бағдарламаға сай жаңартылды.

Барлық оқу-әдістемелік кешендер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен 2025–2026 оқу жылына арналған оқулықтар тізбесіне сәйкес келеді.

Оқушыларды оқулықтармен қамтамасыз ету көрсеткіші:

Бастауыш мектеп (1–4 сыныптар): 100%

Негізгі орта білім (5–9 сыныптар): 100%

Жалпы орта білім (10–11 сыныптар): 100%

2025–2026 оқу жылына арналған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендердің жеткізілуі мектеп кітапханасының шот-фактураларында көрсетілген.

Қорытынды:

Мектеп кітапханасының оқулық қоры құрғақ әрі таза бөлмеде сақталады, оқулықтар сыныптарға бөлініп, оқушыларға кесте және бекітілген бұйрық негізінде үлестіріледі. Оқушыларды оқулықтармен қамтамасыз ету деңгейі – 100%.

Кітапханашылар тарапынан 2025–2026 оқу жылына оқулықтармен қамтамасыз ету жұмыстары толық көлемде орындалды. Алдағы оқу жылына оқулықтарға тапсырыс беру жұмыстары дер кезінде және жүйелі түрде жүргізілуде.

Ұсыныстар:

Кітап алмасу және оқу әдебиеттерін өтсусіз беру жолымен кітапхана қорын толықтыру жұмыстарын жалғастыру.

Кітапхана қорын әдеби және балалар кітаптарымен толықтыру жұмыстарын жалғастыру.

(«Кітапханаға кітап сыйла» акциясын жыл бойы тұрақты түрде өткізу.)

Келесі оқу жылына арналған оқулықтарға тапсырысты алдын ала және белгіленген мерзімде қалыптастыруды бақылау.

7. Білім алушылардың білімін бағалау

Жалпы білім беретін пәндер бойынша білім сапасы

№	Пәндер	2022-2023 о.ж.	2023-2024 о.ж.	2024-2025 о.ж.
1	Қазақ тілі	79 %	77 %	78 %
2	Қазақ әдебиеті	79 %	80 %	81 %
3	Орыс тілі	87 %	87 %	88 %
4	Шетел тілі	85 %	85 %	87 %
5	Математика/ Алгебра	76 %	79 %	81 %
6	Геометрия	66 %	73 %	79 %
7	Информатика	92 %	88 %	93 %
8	Жаратылыстану/География	82 %	85 %	90 %
9	Биология	81 %	84 %	84 %
10	Физика	73 %	76 %	84 %
11	Химия	86 %	88 %	92 %
12	Дүниетану	88 %	91 %	91 %
13	Қазақстан тарихы	82 %	79 %	81 %
14	Дүниежүзі тарихы	86 %	87 %	85 %
15	Құқық негіздері	96 %	91 %	91 %

2022–2023, 2023–2024 және 2024–2025 оқу жылдарының қорытынды нәтижелерін салыстыра отырып, келесі сапалық өзгерістер мен үрдістер анықталды:

Қазақ тілі пәні бойынша соңғы үш жылда сапа көрсеткіші біршама тұрақты – 79%-дан 77%-ға төмендеп, кейін 78%-ға қайта көтерілген. Бұл пән бойынша жұмысты одан әрі жандандыру қажет.

Қазақ әдебиеті пәнінде оң серпін байқалады: 79%-дан 81%-ға дейін ұлғайған. Бұл мұғалімдер мен оқушылардың тұрақты еңбегінің нәтижесі.

Орыс тілі пәні бойынша көрсеткіш 87%-дан 88%-ға сәл ғана өскен, тұрақты нәтиже сақталған.

Ағылшын тілі (шетел тілі) пәні бойынша да тұрақтылық байқалады – 85%-дан 87%-ға дейінгі өсу, оң нәтижеге қол жеткізілген.

Математика / Алгебра бойынша сапа деңгейі біртіндеп артып келеді: 76%-дан 81%-ға дейін өскен. Бұл бағытта оң динамика байқалады.

Геометрия пәнінде айтарлықтай өсу бар: 66%-дан 79%-ға дейін. Бұл пән бойынша жүйелі жұмыстардың жүргізілгенін көрсетеді.

Информатика пәні бойынша көрсеткіш 92%-дан 88%-ға төмендегенімен, 2024–2025 оқу жылында 93%-ға дейін артып, алдыңғы деңгейді басып озған. Цифрлық сауаттылықты дамытуда оң үрдіс байқалады.

Жаратылыстану / География пәндері бойынша сапа 82%-дан 90%-ға дейін өскен. Бұл пәндерге деген қызығушылықтың артқаны байқалады.

Биология пәнінде 81%-дан 84%-ға дейін өсіп, бір деңгейде сақталған.

Физика пәні бойынша айтарлықтай өсім бар: 73%-дан 84%-ға дейін. Бұл пән бойынша оқыту сапасының артқаны байқалады.

Химия пәні бойынша жоғары көрсеткіштер тіркелген: 86%-дан 92%-ға дейін өсу – үздік нәтиже.

Дүниетану пәнінде 88%-дан 91%-ға дейін өсіп, соңғы екі жылда тұрақты сақталып отыр.

Қазақстан тарихы пәні бойынша 82%-дан 79%-ға төмендеген, бірақ 2024–2025 оқу жылында қайта 81%-ға көтерілген. Мұнда да қалпына келу үрдісі байқалады.

Дүниежүзі тарихы пәнінде 86%-дан 85%-ға дейін сәл төмендеу бар. Мұғалімдердің назарын қажет етеді.

Құқық негіздері пәнінде алғашқыда өте жоғары нәтиже (96%) болғанымен, кейінгі екі жылда көрсеткіш 91% деңгейінде сақталған.

Қорытынды:

Жалпы, пәндердің көпшілігінде оң динамика байқалады.

Информатика, химия, жаратылыстану, геометрия, физика, математика пәндері бойынша айтарлықтай өсу тіркелді.

Қазақ тілі, дүниежүзі тарихы, Қазақстан тарихы пәндерінде аздаған құбылмалық байқалып отыр, бұл пәндер бойынша қосымша талдау және педагогикалық қолдау қажет.

Құқық негіздері мен дүниетану пәндері бойынша тұрақты жоғары нәтиже сақталып отыр.

Бағалау көрсеткіші үлгілік оқу бағдарламаларына және негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес тиісті білім берудің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндері) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі (оқытудың күтілетін нәтижелері)

"Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес (өзгерістер мен толықтырулармен бірге ҚР БҒМ 2021 жылғы 28 сәуірдегі №189 бұйрығы) "Павлодар қаласының Әлихан Бөкейхан атындағы лицей-мектебінің" білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізді.

Оқушылардың қорытынды аттестаттауға дайындығында келесі компоненттерге бөлінеді:

ақпараттық дайындық (қорытынды аттестаттауды дайындау және өткізу туралы ақпаратты толық көлемде меңгеру);

пәндік дайындық (белгілі бір пән бойынша дайындық, әр түрлі қиындық деңгейіндегі тест тапсырмаларын шеше білу);

психологиялық дайындық (белгілі бір мінез-құлыққа дайындық күйі немесе ішкі көңіл-күй, мақсатты әрекеттерге бағдарлану, жеке тұлғаның дайындық процесінде және емтихан тапсыру жағдайында сәтті әрекет ету мүмкіндіктерін өзектендіру және бейімдеу).

Мектептің қорытынды аттестаттауға дайындық жұмысының мақсаты:

9, 11 сынып түлектерін қорытынды аттестаттауға дайындау бойынша мектеп жұмысын ұйымдастыру.

Осы бағыт бойынша деректер базасын қалыптастыру

- оқушылардың қажеттіліктері және олардың оқу және психологиялық мүмкіндіктері, қабілеттері;

